

Әділетті Қазақстан

«Еліміз Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өтеді. Бұл – ырыс-ынтымақты, татулық пен келісімді дәріптейтін мейрам. Қазақстан үшін бұл аса маңызды мереке. Қасиетті Отанымыздың іргесі бүтін, тұғыры мығым болсын десек, бірлігіміз әрқашан бекем болуы керек».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӘКІМ



ӘР МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ БАР!

4-5

АССАМБЛЕЯ



ҚАЗАҚТЫҢ МҮДДЕСІ

6

ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ



БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫМЫЗ

11

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

29.04.2023

Түнде:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+24+26 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

30.04.2023

Түнде:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №54-55 (6348) 29 сәуір, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІК

дәріптелетін мейрам



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

2-3

НӨМІРДІҢ НАҚЫЛЫ:

БІЛГЕ ҚАҒАН:

«ЕЛ БОЛЫП БІРІГУДЕН АСҚАН БАҚЫТ ЖОҚ»

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

МЕРЕКЕЛІ, БЕРЕКЕЛІ АЛМАТЫ

Шаһарда 1 мамыр күні қалай тойланады?



1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні Республика сарайының алдындағы Абай алаңында сағат 10.00-де мерекелік іс-шара өтеді.

6

ҚЫСҚА...

- Президенттің қатысуымен өтетін іс-шаралар аңдатпасы жарияланды.
- Қазақстандықтар мамыр айында 11 күн демалады.
- Үкімет қаулысы: 2023 жылғы 1 шілде, сенбідегі демалыс күні 7 шілдеге, жұма күніне ауыстырылды.
- Қазақстандықтардың орташа өмір сүру ұзақтығы алғаш рет 74,4 жасқа жетті.
- Қазақстанда 14,4 мыңнан астам шетел азаматы жұмыс істейді.
- Жемқорлардан тәркіленген қаражат 72 жаңа мектептің құрылысына жұмсалады.
- Елімізде басталған «SUPER BOL» спорттық жобасы кәсіби футболға жол ашады.
- 2025 жылы Қазақстанның барлық 89 қаласы ауызсумен қамтамасыз етіледі.
- Енді газет-журналдарға kaspi.kz арқылы жазылуға болады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Ақорданың Баспасөз қызметі Мемлекет басшысының қатысуымен мамыр айының алғашқы күндері өтетін іс-шаралар аңдатпасын жариялады.

2 мамыр күні Президент Сыртқы сауда, экономикалық тартымдылық және шетелдегі француз азаматтарының істері жөніндегі министр-делегат, Қазақстан–Франция Үкіметаралық комиссиясының тең төрағасы Оливье Бештті қабылдайды. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтыр қараша айында Францияға ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселелері талқыланады деп жоспарланып отыр.

3 мамырда Мемлекет басшысы ФИФА президенті Джанни Инфантиноны қабылдайды. Сондай-ақ, 3–4 мамырда Астанаға Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон мемлекеттік сапармен келеді. Екі ел басшылары шағын және кеңейтілген құрамда өтетін келіссөздер барысында Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту перспективаларын талқылайды. 5 мамырда Президент – Жоғарғы Бас қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Бүкілармиялық кеңес өтеді. Жыын барысында әскери саланы дамытуға және әскер дайындығына, сондай-ақ Қазақстан армиясын технологиялық тұрғыда жаңғыртуға қатысты мәселелер қарастырылады.

■ СЕНАТ

Мәулен Әшімбаев «Ашық Үкімет және басқарудың жаңа мәдениеті: есту, түсіну, әрекет ету» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты. Іс-шараны Мемлекеттік қызмет істері агенттігі ұйымдастырды.

Жыын барысында қатысушылар заманауи саяси мәдениет аспектілеріне және мемлекеттік басқару саласындағы жаңа тәсілдерге назар аударды. Сондай-ақ, азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы диалогты нығайту мәселелерін талқылады. Мәулен Әшімбаев өз сөзінде заманауи әрі әділ экономикалық-саяси жүйе құру, сондай-ақ, Қазақстанның орнықты дамуын қамтамасыз ету жолындағы негізгі міндеттердің бірі – елдегі мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және оның тиімділігін арттыру екенін атап өтті. Қызмет көрсету моделі негізінде мемлекеттік қызмет парадигмасын енгізудің маңызды екеніне тоқталды. Орталық пен өңірлер арасында мемлекеттік қызметшілерді жүйелі ротациялау мәселесіне ерекше назар аударды.

■ МӘЖІЛІС

Ерлан Қошанов Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының XII пленарлық отырысына қатысу үшін Түркияға жұмыс сапармен барды. Анкарада Түркия Республикасы Ұлы Ұлттық Жиналысының төрағасы Мұстафа Шентоппен бірге Қазақстан–Түркия достық саябағының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Іс-шара Түркия Республикасының 100 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр.

Мәжіліс спикері саябақтың ашылуы түбі бір, мәдениеті мен тарихы ортақ тамырлас екі елдің достығы мен ынтымағын нығайта түсетінін атап өтті. «Қазақта «Ағаш тамырымен мықты, адам достарымен мықты» деген сөз бар. Біз Түркиямен достығымызды, бауырластығымызды жоғары бағалаймыз. Болашақта бұл саябақ Анкара тұрғындары мен қонақтары үшін әсем демалыс орнына айналады деп сенеміз», – деді Мәжіліс спикері. Саябақ Анкараның көне тарихи орталығы – Мамак ауданында орналасқан. Ауданы 14 мың шаршы метр. Онда отбасылық демалыс, жүгіру және дене шынықтырумен айналысу үшін барлық жағдай жасалған. Саябақта Күлтегін, Білге Қаған, Тоныкөк жазба ескерткіштері орнатылған. Сондай-ақ, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы мен дана философ Әл-Фарабидің мүсіндері бар.

■ ҮКІМЕТ

Тегеранда Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайылов пен Иран Ислам Республикасының Президенті Ибрахим Раисидің кездесуі өтті.

Иран – Қазақстанның Парсы шығанағындағы маңызды сауда-экономикалық серіктесі. Биыл Тегеранда ауыл шаруашылығы бойынша Қазақстан–Иран жұмыс тобының бірінші отырысын өткізу жоспарланған. Бұл екі ел арасындағы АӨК саласындағы ынтымақтастықты дамытуға қосымша серпін бермек. Сонымен қатар, сауда бағытындағы жұмысты күшейту мақсатында Қазақстанның Ирандағы арнайы сауда өкілін тағайындау туралы шешім қабылданды. Тараптар сауда-экономикалық, инвестициялық және шекара маңы ынтымақтас-тығын дамытудағы өзекті мәселелерді, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық бағыттағы ортақ бастамаларды жүзеге асыру жайын талқылады. Екі ел үшін маңызды бағыт – әкімшілік және техникалық кедергілерді жою, автомобиль және теміржолдарды жаңғырту, сондай-ақ теңіз инфрақұрылымының логистикалық әлеуетін арттыру арқылы халықаралық көлік дәліздерін дамыту. Бұл бөлікте «Солтүстік-Оңтүстік» көлік дәлізі, атап айтқанда, «Қазақстан–Түркіменстан–Иран» бағыты ерекше маңызға ие.

■ АССАМБЛЕЯ

Елордада Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясының делегаттары үшін панельдік пікірталас алаңы өтті. Панельдік талқылау жұмысын Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары А.Г.Балаева ашты және сессияның алғашқы күні аясында ҚХА қоғамдық құрылымдарының белсенділерімен жұмыс форматында кездесу өткізді.

Спикер Ассамблеяның миссиясын, мақсат-міндеттерін атап өтті. «Біздің мақсатымыз бір – еліміздің егемендігін сақтау. Еліміздің тәуелсіздігі – барша қазақстандықтардың ортақ құндылығы. Рухани бірлік пен құндылықтарды өзара құрметтеу негізінде ғана қоғамдық келісімге келеміз. Кез келген мемлекеттің өркендеуі – жалпы қоғамдық келісімнің нәтижесі. Бұл – Мемлекет басшысы айтқан «бірлік – әралуандылықта» қағидасының мызғымас мәні. Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту – мемлекеттік ұлттық саясаттың негізгі өзегі. Бұл саладағы Қазақстан халқы Ассамблеясы өз міндетін ойдағыдай атқарып, еліміздің тұрақты дамуына негізделген, үнемі ел басшылығының назарындағы, ұзақ мерзімді стратегиямыздағы үздіксіз үдерісі болуда. Ассамблея – азаматтық қоғам мен мемлекеттің қоғамдық келісімді қамтамасыз етудегі мүмкіндіктерін үйлестіретін негізгі институт. Бұл бағытта азаматтық қоғам институттарының әлеуетін пайдалану – саяси мәдениет пен саяси сауаттылық деңгейін көтеруде маңызды», – деді Аида Балаева.

■ АҚЦИЯ

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында, Қазақстан халқы Ассамблеясы XXXII сессиясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» күн тәртібі аясында «Бір шаңырақ астында» атты киіз үй құру акциясы өтті.

Іс-шара Қазақстан халқының бірлігін, үйлесімді этносаралық қатынастарды, туған ел, Отанды бейнелейтін қазақтың қасиетті символына құрмет көрсету мақсатында өткізілді. Акция ортақ шаңырақ астында ұлттың бірлігін, Отан игілігі үшін қазақстандықтардың бірлескен еңбегін, әр адамның елдің дамуына қосқан үлесі мен атсалысуын білдіреді. Салтанатты іс-шараға ҚР Парламентінің депутаттары, орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары, ҚХА мүшелері, республикалық және өңірлік этномәдени бірлестіктердің төрағалары, ғылыми, шығармашылық зиялы қауым мен БАҚ өкілдері қатысты.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz; primeminister.kz, assembly.kz).

АҚОРДА

ТАТУЛЫҚ ПЕН табысты мемлекет болудың



Қасым-Жомарт
ТОҚАЕВ:

«Қазақстан халқының бірлігі күні – ырыс-ынтымақты, татулық пен келісімді дәріптейтін мейрам. Қазақстан үшін бұл аса маңызды мереке. Еліміз Бірлік күнін міндетті түрде атап өтуге тиіс. Себебі, қасиетті Отанымыздың іргесі бүтін, тұғыры мығым болсын десек, бірлігіміз әрқашан бекем болуы керек».

Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: БІРЛІК, ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ДАМУ» атты XXXII сессиясына қатысты

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдағандай, Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясынан бері елімізде түбегейлі өзгерістер болды. Атап айтқанда, саяси жүйе жүйелі түрде трансформацияланды, мемлекеттік құрылымның жаңа әрі анағұрлым демократиялық үлгісі, тәуелсіздік жылдары елімізде жаңа жалпыұлттық бірегейлік қалыптасты. Ассамблеяның алқалы жиынын жыл сайын ел бірлігі күніне орай өткізу дәстүрге айналды. Бұл сессия – көктем мезгілінде мемлекеттік деңгейде өтетін ең ауқымды іс-шара. Мұнда еліміз үшін өте маңызды ұсыныстар айтылады.

Мемлекеттілігіміздің басты тірегі

Президент бір жылдың ішінде атқарылған жұмысты еске алды. Былтырғы референдумның тарихи зор маңызын атап өтті. Оның Әділетті Қазақстанды құру ісінде бүкіл халықты жұмылдырған науқан болғанына, қазақстандықтардың жауапты сәтте ұлт ретінде ұйыса алатынын көрсеткеніне маңыз берді. Референдумның түпкі нәтижесі және халқымыздың басты жетістігі де осы. «Бірақ бірлік дегеніміз мақсатымызға апаратын жол ғана емес. Бұл – мемлекеттілігіміздің ең басты тірегінің бірі. Мен бұған дейін де айттым: еліміздің тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы бәрінен қымбат. Ел бірлігі осы мызғымас құндылықтармен қатар тұруға тиіс. Сонда ғана болашағымыз баянды болады. Татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, қоғамда, үйде, жұмысда, жалпы, барлық жерде дәріптелуі қажет. Бұл жалаң ұран емес, әр азаматтың күнделікті ұстанымы болуы керек. Халқымыз бірліктің және тыныштықтың қадірін біледі. Бұл – небір қиын-қыстау заманды өткерген, қазақ жерінен пана тапқан барша этностар үшін де қымбат құндылықтар. Осы құндылықтарды бағалай білгеннің арқасында жұртымыз бейбіт өмір сүріп жатыр. Бұл – теңдессіз жетістік!» – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, «әрбір азамат бірлікті нығайту үшін қызмет етуі керек. Бұл қызмет ешқашан тоқтамайды, үздіксіз жалғаса береді. Өйткені, бірлік болса ғана, тірлік болады. Осы мызғымас қағидаға әрдайым адал болу керек. Шын мәнінде, Ассамблея – мемлекеттілігіміздің іргесін бекітіп тұрған басты институт. Қазақстан халқы Ассамблеясы – бірлігімізді нығайтуға қызмет ететін бірегей құрылым. Ассамблея қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этносты ұйыстырып отыр. Онда еңбек етіп жүрген азаматтарды бірліктің елшісі деуге болады».

Көк паспортымыз бен көк байрағымыз – бірегейлігіміздің символы

Жиында тәуелсіздік жылдары елімізде қалыптасқан жаңа жалпыұлттық бірегейліктің көрінісі мен символдары аталды. Біздің көк паспортымыз бен көк байрағымыз – тарихымызбен астасқан және миллиондаған адамның жүрегінен орын алған бірегейлігіміздің нағыз символы. Біздің паспортымыз этникалық шығу тегіне, діни ұстанымына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, адамды Қазақстан Республикасының азаматына тиесілі құқықтармен және міндеттермен толық қамтамасыз етеді. Біздің паспортымызды иелену халықаралық аренада беделді елдің азаматы болу және дүние жүзін

кедергісіз шарлауға мүмкіндік алу, өзінді қазіргі әлемнің ажырамас бөлшегі ретінде сезіну дегенді білдіреді. Демек, бұл – азаматтарымыз әрдайым және барлық жерде өз мемлекетінің қорғауында болады деген сөз.

– Қазақстан паспорты – біздің бірлігіміз бен татулығымызға негіз болған прогрессивті құндылықтардың көрінісі. Өз кезегінде көк байрағымыз – қасиетті тәуелсіздігіміз бен көпжасарлық мемлекеттілігіміздің жарқын белгісі. Туымыз ірі халықаралық спорт жарыстарында және басқа да сондай шараларда жоғары көтерілген сайын біздің бойымызды елімізге деген мақтаныш сезімі кернейді. Даңқты отандастарымызды – спортшыларымызды, мәдениет қайраткерлерімізді, ғалымдарымыз бен студенттерімізді, кәсіпкерлерімізді шыққан тегіне қарамастан, шетелде үнемі қазақтар деп атайды. Бұл – табиғи құбылыс. Солай болуға тиіс. Біздің қоғам – ортақ идеалдар мен құндылықтар біріктірген еркін әрі жауапкершілігі мол азаматтардың одағы. Бұл – жалпыұлттық бірегейлігіміздің тағы бір жарқын көрінісі. Сондықтан жауапкершілігінен ұлтымыздың жаңа сапасы көрініс табады. Еліміздің барлық азаматы үшін ең дұрыс өмірлік ұстаным осы деп санаймын. Менің ойымша, еліміздегі үйлесімді этносаралық қатынастың сыры да осында, – деді Президент.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды рөліне тоқталып, осыған орай этносаясат мәселесіне байыппен қарау керек екенін атап



БІРЛІК – басты кепілі

өтті. Этносаралық саясат айрықша назар аударып, ұдайы жетілдіріп отыруды қажет етеді.

– Татулық пен бірлік – табысты мемлекет болудың басты кепілі. Сессия аясында кеше нақты мәселелерге арналған пікірталас өткенін білемін. Этносаясатта жаһандық және аймақтық үдерістер ескерілуіне тиіс екені айтылды. Бұл – өте орынды ұсыныс. Яғни этносаралық қатынас мәселесін заман талабына сай реттеу керек. Бұл жұмыс ауқымды реформалармен үндес болуға тиіс. Бұған немқұрайлы қарауға болмайды, этносаралық саясат айрықша назар аударып, ұдайы жетілдіріп отыруды қажет етеді. Шын мәнінде, азаматтардың бірлігін, жалпыұлттық бірегейлікті және еліміздің этноәлеуметтік тұтастығын нығайту жөніндегі іргелі, тіпті қасиетті деп айтуға болатын міндеттерді жүзеге асырмайынша, мемлекеттің бірде-бір стратегиялық міндетінің орындалуы мүмкін емес екенін естен шығармаған жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Сессия барысында Президент Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметіндегі бірқатар басымдықты айқындап берді. Атап айтқанда, Президент бірлігіміз бен татулығымызға сына қаққысы келетін кез келген арандатушылық әрекетке батыл түрде тосқауыл қою, этноәлеуметтік шиеленістің шығу себептерін жою үшін нақты шаралар қабылдау қажет екеніне тоқталды. Сонымен қатар, көпмәдениетті ортаны дамытып, барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жүйелі қадамдар жасау керектігін айтты. Енді Мемлекет басшысы ұсынған осы басымдықтарға тоқталайық.

БЕС БАҒДАР, БЕС БАСЫМДЫҚ

- **БІРІНШІ. Бірлігіміз бен татулығымызға сына қаққысы келетін кез келген арандатушылық әрекетке батыл түрде тосқауыл қою қажет.**

Еркіндікті жүгенсіздікпен шатастырмайық

Қоғамда түрлі жалған ақпарат немесе фейктер мен деструктивті жарияланымдар айтарлықтай көбейгенін көріп отырмыз. Оның басым бөлігінде авторларының Қазақстанға түк қатысы жоқ. Шетелде отырып, біздің қоғамда іріткі салғысы келеді. Олардың сөзі мен әрекеті адамдар арасындағы сенімге селкеу түсіріп, алауыздықты қоздыруға, мемлекеттік қауіпсіздікке нұқсан келтіруге бағытталған. Осындай жайттарды ескерсек, қылмыстық және тұрмыстық сипаттағы кез келген оқиға теріс пиғыллы адамдардың кесірінен этносаралық жанжалға айналуы және оның салдары ауыр болуы мүмкін. Сондықтан жауапкершілігі бар азамат ретінде радикализм, экстремизм және сепаратизмнің кез келген түріне қарсы тұруға тиіспіз.

Әрбір азамат өз болашағын Қазақстанмен тығыз байланыстыруы керек. Сонда ғана халқымыз біртұтас ел болып тұра алады. Ешкімді ұлтына, тіліне, дініне қарап кемсітуге болмайды. Қоғамда мұндай ұстанымға сай бөлектенуге жол берілмейді. **Әрқайсымыз – Қазақстан атты қасиетті қара шаңырақтың перзентіміз. Бәріміз – бүгінгі өмірі және болашағы бір бауырлас азаматтарымыз.**

Мемлекет заң аясында этносаралық қарым-қатынас, тіл және әлеуметтік мәселелерге қатысты барлық арандатушылық әрекеттің жолын кеседі. Бұл ретте еліміздің

әрбір азаматы өз сөзі мен әрекеті үшін жауап беретінін сезінуге тиіс. Эмоцияға бой алдырып, сырттан таңылған алауыздық пен өшпенділіктің жетегіне еруге болмайды. Өзгенің ақпараттық соғысы мен идеологиялық дауының бізге қажеті жоқ.

Демократия туралы сөз қозғағанда, таразының бір жағында азаматтың құқықтарымен және бостандығымен қатар, оның міндеттері мен жауапкершілігі тұрғанын ешқашан естен шығармауымыз керек. Еркіндікті жүгенсіздікпен шатастырмайық. Ал диалог мәдениетін әлсіздік деп қабылдамаған жөн. Бір адамның бостандығы шектелетін жерден екінші адамның еркіндігі бастала-тыны ежелден белгілі.

Ынтымағы жарасқан қоғам құрамыз десек, біз заң мен тәртіпке мұлтіксіз бағынуымыз қажет. Бұл – Әділетті мемлекет құрудың ең басты қағидаты. Оны жүзеге асыру үшін кез келген құқықбұзушылық әрекет жазасыз қалмауы керек.

«Плюрализмді құптаймыз, ал радикализмге жол жоқ» «Плюрализмді құптаймыз, ал радикализмге жол жоқ» – бұл біздің мызғымас қағидатымыз. Ақпараттық кеңістігімізде және қоғамда достық пен татулық, сындарлы диалог пен адами қарым-қатынас рухы салтанат құруға тиіс.

Ұлттық бірлігімізді, достығымызды, азаматтарымыздың толеранттылығы мен отаншылдық сезімін айшықтайтын тамаша мысалдар жетерлік. Ассамблея мен оның мүшелерінің әлеуметтік желіде бейбітшілік, татулық идеясын белсенді түрде насихаттайтыны және арандатушылық әрекеттерге қарсы шұғыл шара қолданып, бірлігімізді қорғайтыны қуантады. Өткен жылы Ассамблея өкілдері бірлікке шақыратын прагматикалық ұстанымнан айнымайтынын көрсетіп, қоғамда резонанс тудыратын жағдайларға қатысты бірнеше рет мәлімдеме жасады.

Әрбір азамат ел ішінде де, шетелде де халқымыздың бірлігі мен ынтымақтастыққа негізделген құндылықтарын табанды түрде қорғауға тиіс.

Шын мәнінде, ел бірлігін нығайту үшін қызмет ету – ең жауапты әрі сауапты іс. Елдікті бұзу, бірлікті шайқалту, бұл – заң алдында – қылмыс, Құдай алдында – күнә. Осыны бәріміз терең түсінуіміз қажет.

- **ЕКІНШІ. Этноәлеуметтік шиеленістің шығу себептерін жою үшін нақты шаралар қабылдаған жөн.**

Ұлттың ықпалдастық әлеуетін күшейту

Өткен сессияда мен томаға-тұйық тіршілік ететін этникалық аудандар мен кварталдардың пайда болуына жол бермеу мәселесімен айналысуды тапсырдым. Бүгінде кешенді шаралар әзірленіп, алдағы жұмыс жоспары жасалды. Енді оның сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз ету керек. Бұл өте шетін жұмыс екенін ескеріп, оны қажетті ресурстармен күшейту қажет. Жұртшылыққа мемлекеттің этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатын түсіндіру керек. Ұлты әртүрлі азаматтарымыздың өзара достығы мен татулығы туралы мысалдардың көп екенін көрсетеміз қажет.

Ассамблеяның қызметін біртіндеп ұлттың ықпалдастық әлеуетін күшейтуге бағыттау керек. Сондай-ақ, Ассамблея этномәдени



және басқа да қоғамдық бірлестіктердің қызметіне тың серпін беру мәселесіне айрықша назар аударуы қажет. Олар этносаралық коммуникацияның тиімді жолдарын қалыптастыруға тиіс. Түрлі этностардың мәдениет қайраткерлері арасында қоғамдық диалогтың болуы өте маңызды. Жұмыс тәсілі қазіргі заманға сай болғаны жөн. Үкімет осы айтылған мәселелерге назар аударуы керек.

- **ҮШІНШІ. Көпмәдениетті ортаны дамытып, барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жүйелі қадамдар жасау қажет.**

Мемлекеттік тілді меңгеру – саясатымыздың стратегиялық бағыты

Жалпыұлттық азаматтық бірегейлік этникалық ерекшеліктерді жоққа шығармайды. Ол азаматтық қоғамның жаңа моделінің негізін қалыптастыруды көздейді. Қазақстандағы әрбір этностың өз дәстүрін, мәдениеті мен тілін дамытуға мүмкіндігі болды және бола береді. Бұл, шын мәнінде, жалпыұлттық бірегейлігіміздің негізі. Сонымен қатар, **Қазақстанның барлық азаматы мемлекетіміздің өткеніне, бүгінгіне және болашағына, ұлтымыздың рәміздеріне және оның мәдени өзегіне қатысы бар екенін сезінуі керек.** Мен айтқан «Түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт», «Бірлігіміз әралуандықта», қағидаттары мектепке дейінгі, орта және жоғары білім беру жүйесінің берік негізі болуға тиіс.

Барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі саясатымыздың стратегиялық бағыты болып қала береді. Қазақ тілі – азаматтық интеграцияның тиімді құралы, мәдени-рухани тұтастықтың жарқын көрінісі. Сондай-ақ, қазақ тілі ғылыми прогресс пен білімнің озық жетістіктеріне жол ашатын құралға айналуы керек.

Біздің қоғамда мемлекеттік тілді үйрену, оны білуге ұмтылу қалыпты жағдайға айналуы қажет. Қазақ тіліне сұраныс артқанда ғана ол көпшілік кең қолданатын тіл болады. Түптеп келгенде, бірнеше тіл білу – әр адамның мәдениеттілігінің белгісі. Ал мемлекеттік тілді, әсіресе, ана тілін, яғни қазақ тілін білу – қандай да бір азаматтың мәдени өресі, азаматтық жауапкершілігі қаншалықты биік екенін білдіреді. Сондай-ақ, қаншалықты патриот екенін көрсетеді.

Жалпы, мемлекеттік тіл төңірегінде оң көзқарас ұстану қажет. Тіл мәселесіне қатысты барлық пікірталас этникалық емес, азаматтық және саяси сипатқа ие екенін түсіну маңызды. Бұл мәселеде кез келген жөнсіз әрекеттің салдары ауыр, тіпті қайғылы болуы мүмкін.

- **ТӨРТІНШІ. Ассамблеяның саяси партиялармен және мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасын күшейту керек.**

Сөз бен іс бір жерден шығуға тиіс

Бұл жұмысты орталықта және аймақтарда жүргізген жөн. Біз ауқымды саяси реформалардың нәтижесінде шынайы пікір алуандығына қол жеткіздік. Әрине, әр саясаткердің өз пікірі болуы орынды. Елімізді дамыту, күнделікті мәселелерді шешу туралы көзқарастар үнемі бірдей бола бермейді. Бұл – түсінікті. Алайда, ел бірлігін сақтауға келгенде біз жұдырықтай жұмыла білуіміз керек.

Этносаралық келісім саясатында сөз бен іс бір жерден шығуға тиіс. Ассамблея саяси партиялармен ақылдасып, кеңесіп отыруы қажет. Сонда бірлігімізді нығайтамыз. Этносаралық қатынасқа қатысты кез келген арандатушылық жолын кесеміз. Партияларды ортақ іске жұмылдырудың тағы бір маңызды жолы – Парламентте депутаттық бірлестік құру.

Ассамблеяның барлық негізгі жұмысы жергілікті жерде, яғни халық арасында жүргізілуіне тиіс. Осы сессияда жүктелген міндеттердің жүзеге асырылуы ғана емес, сондай-ақ жалпы реформалардың табысты болуы да аймақтық ас-самблеялар мен жергілікті этномәдени бірлестіктерге тікелей байланысты.

Ассамблея көптеген игілікті іске ұйытқы болып жүр. Мәселен, рекордшы Сергей Цырульников «100 ауыл» жобасы бойынша бастама көтерді. Ол ауылдық жердегі 100 мектепті спортқа қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етті. Мұның бәрін бюджеттен қаржы сұрамай жүзеге асырды. «Үйде сөйле» атты жобаның аясында аула клубтары ашылып жатыр. Тұрғындар сол жерде бас қосып, қазақ тілін үйрене бастады. Әкімдіктер осындай ұтымды бастамаларға барынша қолдау көрсетуге тиіс. Этномәдени бірлестіктердің жергілікті билікпен тікелей қатынас орнатуы маңызды.

- **БЕСІНШІ. Біздің этносаясатымыз біртұтас болып, дәйекті түрде жүргізілуіне тиіс.**

Мемлекет пен азаматтар арасындағы қарым-қатынастың жаңа үлгісі

Мен жақында Әлеуметтік кодекске қол қойдым. Мұндай маңызды құжат ТМД мемлекеттері ішінде алғаш рет қолданысқа енгізіліп отыр. Бұл кодекс еліміздің жаңа әлеуметтік саясатын айқындайды, мемлекет пен азаматтар арасындағы қарым-қатынастың мүлде жаңа үлгісін қалыптастырады. Сондай-ақ, жаңа әлеуметтік келісімнің

негізін қалайды. Бір сөзбен айтқанда, жаңа кодекс бүгінгі күннің талаптарымен мейлінше үндеседі.

Сол сияқты, этносаясат та мемлекеттің басымдықтына толық сай келуі керек. Мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру үшін кешенді талдау қажет. Үкімет жыл соңына дейін ұлттың қалыптасу процесінің қазіргі жай-күйіне талдау жасалған және тиісті өзекті ұсыныстар берілген сараптамалық баяндама әзірлеуі керек. Осы мәселеге қатысты ғылыми зерттеулерге баса назар аудару қажет».

МЫЗҒЫМАС ҰСТАНЫМ

Ел Президенті сөзін түйіндей келе әрбір отандасының бойынан шынайы патриотизмнің, жоғары азаматтық жауапкершіліктің, өз ісіне деген адалдықтың үлгісін көретінін айтты. Дәл осы қасиеттер – Әділетті Қазақстанды сәтті құрудың кепілі!

«Біз – бір елдің перзенті, бір халықтың ұл-қызымыз! Ұлы даланың ұлан-ғайыр жерінде бәрімізге орын жетеді. Осы киелі мекенде бәріміздің де көздің қарашығындай сақтайтын және сол үшін еңбек етіп, өмір сүретін кастерлі дүниелеріміз бар. Қазақстанның болашағы, балаларымыздың тағдыры, ата-баба мұрасы – бәрі өз қолымызда. Біз уақыттың кез келген сын-кәтеріне еңсемізді тік ұстап қарсы тұрамыз. Біз – біртұтас халықпыз, біз барлық сынақты еңсереміз», – деді. Қазақстан этносаралық татулық пен келісімді сақтау үшін әрдайым орнықты және саликалы саясат жүргізетінін қадап айтты. Бұл – мемлекетіміз үшін мызғымас ұстаным.

– **Әділетті Қазақстан көз алдымызда құрылып жатыр. Әрқайсымыз түрлі қорқыныштардың, стереотиптер мен жалған сенімнің шырмауында қалсақ та, артқа жалтақтамай, алға қадам басуымыз керек. Еліміздің барша азаматының тағдыры жалпыұлттық бірлігімізбен астасып жатыр. Қазақстан – біртұтас ұлт, елімізді әрбір этносы достықты, үйлесім пен келісімді нығайтуға өзінің өлішеусіз үлесін қосып отырған команда деп айтуға болады.**

Біз өзіміздің іргелі құндылықтарымызға берік болуымыз керек. Бәріміз және әрқайсымыз үшін қуатты мемлекет пен әділетті қоғам құру жолын табанды түрде жалғастыра отырып, елімізді азаматтық пен тәуелсіздіктің мызғымас тірегіне айналдыра алатынымызға сенімдімін.

Ынтымағы бекем жұрттың болашағы баянды болады. Біз бәріміз бір ел болып, татулық пен тұрақтылықты сақтау үшін еңбек етеміз. Ел бірлігін нығайту және Отанымызды өркендету – қасиетті парыз, – деді Мемлекет басшысы.



САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ



**Алатау ауданының бюджеті
3,7 есе, яғни
30,6 МЛРД
теңгеге ұлғайды**



**«Самғау», «Өжет»
шағынаудандарында
5 КАНАЛИЗАЦИЯЛЫҚ-НАСОС
СТАНЦИЯСЫ
салынып жатыр**



**12 шағынауданды қамтитын
ұзындығы
60 ШАҚЫРЫМ 79 КӨШЕГЕ
орташа жөндеу жүргізіледі**



**Биыл Алатау ауданында
12050 ОРЫНДЫ
7 мектептің құрылысы басталады**



**«Саялы» және «Қарасу»
шағынаудандарында 200 адам
қабылдайтын
2 ДӘРІГЕРЛІК
АМБУЛАТОРИЯНЫҢ
құрылысы басталды**



**Алдағы уақытта Алатау ауданында
193 «СЕРГЕК» КАМЕРАСЫ
қызмет көрсететін болады**

ӘКІМ



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев

**Алатау ауданы
тұрғындарымен кездесу
дәстүрлі түрде шаһар
басшысының
баяндамасымен басталды.**

«1 сәуірден бастап аудан әкімдіктеріне қатысты болатын өзгерістер туралы хабарладым. Жүргізілген орталықсыздандырудың аясында Алатау ауданының бюджеті 3,7 есе, яғни 8,2 млрд теңгеден 30,6 млрд теңгеге дейін ұлғайып, штат саны 20 адамға көбейгенін айтуға болады», – деді Е.Досаев.

**ИНЖЕНЕРЛІК
ИНФРАҚҰРЫЛЫМ –
БАСЫМ БАҒЫТ**

Шаһар басшысы өз баяндамасында аудандағы бірқатар тұрғындар үшін маңызды мәселелерге тоқталды.

Инженерлік инфрақұрылымды модернизациялау қалалық әкімшіліктің атқаратын жұмыстардың басым бағыты болып қала береді. Қазіргі уақытта әкімдік сумен қамту және кәріз желілерін салу жұмыстарын қарқынды жалғастырып жатыр. Аудан әкімдігі биыл «Теректі», «Алғабас», «Болашақ», «Шапағат» ықшамаудандарында ұзындығы 150 шақырым инженерлік желі жүргізуді жоспарлап отыр. Мердігерлер анықталған. Жұмыстың басталуы мамыр айына, аяқталуы 2024 жылдың желтоқсанына жоспарланған. «Рахат-Мәдениет» шағынауданында желілердің құрылысы 2023 жылы шілдеде басталып, 2024 жылдың соңына дейін аяқталады. «Самғау» және «Өжет» ықшамаудандарында кәріз желілерін пайдалануға беру үшін 5 канализациялық-насос станциясы салынып жа-

тыр. Жүргізіліп жатқан жұмыстарды осы жылдың соңында аяқтау жоспарланып отыр.

1922 жылдың қыркүйек айында жылдар бойы шешілмей келген «14 ықшамауданындағы» инженерлік желілер бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау үшін конкурс рәсімдері жүргізіліп, мердігер ұйым анықталған еді. Алайда, ақпан айында Ішкі мемлекеттік аудит департаменті мен мемлекеттік сараптама жобаны түзетуден бас тартқандықтан, тиісті жұмыстар басталмады. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау үшін қала әкімдігі Алматы қаласы прокуратурасының ұсынымы негізінде төтенше жағдай желісі бойынша жұмыстарды орындау туралы шешім қабылдады. Қазіргі уақытта қажетті құжаттама дайын. Жұмыс 10 мамырда басталып, 2023 жылдың желтоқсан айында аяқталуы тиіс.

ЖОЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Қала басшылығы жол инфрақұрылымын дамыту жұмыстарын жалғастыруда. Осы жылдан бастап жолды ағымдағы жөндеу жұмыстарын аудан әкімдіктері жүргізетін болды. Алатау ауданының барлық шағынаудандары бойынша 60 көшеде 23 мың шаршы метр жолды жөндеу жоспарланып, жөндеу жұмыстарын жүргізуге 250 млн теңге бөлінді. Жалпы, жұмыстарды қараша айында аяқтау көзделіп отыр.

Сонымен қатар, Алматы қалалық мобилділік басқармасы мамыр айында 12 шағынауданда ұзындығы 60 шақырым болатын 79 көшені қамтитын орташа жөндеуді бастайды.

Ал Саин көшесін ұзарту жұмыстарын желтоқсан айында, Саин және Мөңке би көшелерінің қиылысындағы жолайрықтың құрылысын 2024 жылдың II тоқсанында аяқтау жоспарланған. Нәтижесінде қаланың негізгі магистральды көшелерінде,

яғни Рысқұлов даңғылы мен Момышұлы көшелерінде, сондай-ақ аудандық маңызы бар көшелерде көлік легі айтарлықтай азаяды деп жоспарланған.

Өткен жылы қала әкімдігі 450 жаңа автобус сатып алып, оның 92-сін (20%) Алатау ауданына берді. Биыл 600 автобус сатып алу жоспарда бар. Оның 200 бірлігін «Алматыэлектротранс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алатау ауданындағы 19-маршрутының көліктерін жаңарту көзделіп отыр. Бұдан басқа жеке тасымалдаушылар осы жылдың 4-тоқсанына дейін 7 маршруттағы (№18, №19, №46, №98, №99, №109, №122,) 73 бірлік жылжымалы құрамды жаңарту керек.

**ЖЕТІ ЖАҢА МЕКТЕП
САЛЫНАДЫ**

Алатау ауданында тұрғындарды әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселелері жүйелі түрде шешіліп келеді. Дегенмен, Алатау ауданының мектептерінде шамамен 4600 орын тапшы. Осынау маңызды мәселені одан әрі шешу үшін кешенді шаралар қабылданған:

«Саялы-2» шағынауданында 550 орынды мектеп салынып жатыр. Ол келесі жылдың II тоқсанында аяқталады.

2023 жылдың III тоқсанында 12050 орынды тағы 7 мектептің құрылысы басталады. Олардың ішінде 550 орынды мектеп «Зерделі» шағынауданында салынады. «Жайлы мектеп» жобасы аясында «Самғау», «Алғабас», «Қарасу», «Теректі» шағынаудандарында, сондай-ақ «Әйгерім» шағынауданында 2000 орынды, «Ақбұлақ» шағынауданында №154 мектепті бұзып, 1500 орынды мектеп салынады. Құрылысты аяқтау 2024 жылдың соңына жоспарланған.

Балаларды қосымша біліммен қамтамасыз ету үшін аудан аймағында алғаш рет аптасына 5 мыңнан астам бала қатыса

СҰРАҚ-ЖАУАП

**Алматы қаласының әкімі
Ерболат Досаев Алатау
ауданында атқарылған
жұмыстар мен алдағы уақытта
орындалған жоба-жоспарлар
туралы баяндамасынан кейін
аудан тұрғындарының
сұрақтарына жауап берді.**

- Алғашқы аудан тұрғыны жер мәселесі туралы өтінішін жеткізді.

– Мен былтыр сәуір айында «Саялы» шағынауданында болған кездесуіңізде жер туралы сұраған едім. Сол жер құжаттары жайлы менің сұрағым шешілген жоқ. 1999 жылдан бері ешкімге берілмеген жерді кешке дейін біреулер алып қоя береді. Соны реттеп беруіңізді сұраймын. Екінші сұрағым – 2 үй бұзылды деп айтып өттіңіз, соның орнына не істеледі? Менің тілегім – сол жерде кішігірім болса да, бірінші ғимаратына супермаркет жасасаңыз. Ал екінші қабатында балалар баратын үйірмелер болса екен. Өйткені, үйірмелер әр жерде, кейбіреуі жер төледе орналасқан. Сосын керек деп тапсаңыздар, жер төлесіне автотұрақ жасаңыздар, – деді тұрғын.

Қала басшысы бұзылған үйлердің орнына жаңа ғимарат салынбайтынын айтты.

– Апа, сұрақтарыңызға рахмет. Бірақ ол жерге жаңа ғимарат салмаймыз, оның орнына бақ болады. Қазір жобасын дайындап жатырмыз. Ол дайындалғаннан кейін жұмыстарды бастаймыз. Алдында халықпен кездескенімде «көк жоқ, дым жоқ» деп тұрғындар шағым жасады. Сондықтан бұзылған үйлер орынан бақ саламыз деп шештік.

Ал сіздің жеріңіз бойынша, осы мәселе көтерілгеннен кейін қалаға қайтарылған жерлерді қала меншігінде қалдырып отырмыз. Ешкімге беріп жатқан жоқпыз. Жаңа қожайындар келіп жатқан жоқ. Алатау ауданындағы жерлерімізді қажетті инфрақұрылым салу үшін ұстап отырмыз.

ӘР МӘСЕЛЕНІҢ
ШЕШІМІ БАР!

Егер біреу жер алдым деп қағазын көрсетсе, онда тексерейік. Жер комиссиясы Алатау ауданына қатысты бірде-бір ондай шешім шығармады. Өткен жылы ақпан айында келгеннен бастап бірде-бір мемлекеттік акт берілген жоқ. Барлығы жер қорымызға қарайды. Қағаздарыңыз болса, әкімге тапсырма беремін. Ескі рұқсатыңыз болып, мемлекеттік акт берілмей қойса, онда тексереміз, – деді шаһар басшысы.

- Келесі аудан тұрғыны үй кезегі туралы шағымын айтты.

– Мен Әбдіхалық Төлегенұлы, 74 жастамын. Қазақ КСР еңбек сіңірген құрылысшысымын. Немерем бірінші топтағы мүгедек. 2012 жылдан бері кезекте тұр, 11 жыл болды. «Осындай мүгедек балалары бар отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету» деген Президентіміздің 2020



ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛАДЫ

Алатау ауданының тұрғындарымен кездесті



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

алатын Инновациялық шығармашылық орталық салынып жатыр. Құрылысы осы жылдың мамыр айында аяқталады.

Медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін осы жылдың ақпан айында «Саялы» және «Қарасу» шағынаудандарында жоспарлы қуаттылығы ауысымына 200 адам қабылдайтын 2 дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталды. 2024 жылдың I тоқсанында аяқталады.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»: 37 ЖОБА

Жайлы қалалық ортаны құру жұмыстарының шеңберінде сәуір айының басынан бері «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 37 жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде. Іске асырылып жатқан жобалардың ішінде жалпы құны 1,8 млрд теңге болатын футбол, баскет-

бол, волейбол алаңдары, жаяу жүргіншілер және жасыл аймақтар бар. Жобаларды аяқтау мерзімі – осы жылдың қыркүйек айы.

Сондай-ақ, қала әкімінің тапсырмасы бойынша биыл «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының сәтті іске асырылуын ескере отырып, Алатау ауданына қосымша 875 млн теңге бөлінді. Іске асыруға жіберілген жобалардың тізімі Алматы

жылғы тапсырмасы бар. 2020 жылы Алматы тұрғын үй мекемесі өкілдерінің қабылдауында болдым. Мен бірнәрсе түсінбеймін. «1-топтағы мүгедек дегенді білмейміз, бізге бәрі бірдей» дейді. Мамандар жоқ. Комиссия ішінде маман болса айтар еді. Осы мәселенің оң шешімі енді сіздің құзырыңызда болып тұр, – деді ақсақал.

– Шынымен Мемлекет басшысының тапсырмасы бар. Бірақ пандемия әсерінен Алматы қаласында арнайы пәтерлер соңғы 3-4 жылда салынбаған. Біз енді ешкімді бөлмейміз, ондай балалардың саны көп, бәрі электронды кезекте тұр. Бәрін кезекпен береміз. Сіз сияқты ақсақалдар бар, көпбалалы аналар бар, ешкімді алға шығара алмаймыз. 400 пәтердің жолдарын осы жылдың мамыр айына дейін бітірейін деп жатыр. Одан кейін кілттерді береміз. Сіздің нөміріңіз оның ішіне кіреді деп отырмыз. Мәслихат қолдап, осы жылы республикалық бюджеттен 19 млрд 200 млн теңге алдық. Өзіміз қосымша 38 млрд 200 млн ақша бөліп, арнайы осындай 2 мың пәтерге қол жеткіземіз деп жоспарлап отырмыз, – деді Е.Досаев.

• «Саялы-2» шағынауданының тұрғыны көшенің сапасына шағымданды.

– Мен «Саялы-2» ықшамауданының Арқалық көшесі, 107-үйде тұрамын. Сол үйдің алды-арты ойдым-ойдым. Жаңбыр жауған кезде жергілікті суға толып кетеді, күз-қыс бойы соны тазалаумен болдық. Бірінші сұрағым – Құрылыс басқармасына бірнеше рет хат жаздық. Ешқандай жауап жоқ. Сонымен осы мәселені шешіп беріңізші. Екінші сұрағым – тура сол секілді жолдарымыз ойдым-ойдым, балаларымыз ойнап жүрген кезде шалшық суды басып келеді, – деді тұрғын.

Айтылған сұраққа Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков жауап берді. – Бұл жол орташа жөндеу тізімінде бар,

60 көшеге кіреді. Жертөлеге су кіру бойынша Құрылыс басқармасымен бірге аталған орынға шықтық, негізі кепілдік мерзімі бойынша жөндеуі керек. Мердігер бірнеше компания, мемлекеттік бағдарламамен 2018 жылы салынған. Былтырдан бері олқылықтарын жөндеп жатырмыз, – деді Азамат Қалдыбеков.

Осы ретте әңгімені шаһар басшысы түйіндеді.

– Сіз айтқан мекенжай бойынша аудан әкіміне тапсырма беремін. Алдымен жауапты мердігерді табайық. Бәрі дұрыс болса, осы жылы күзге дейін жұмыстарды өткізіп береміз. Жолдарды осы жылы орталық жөндеу жұмыстарына кіргіздік, – деді Ерболат Асқарбекұлы.

• Өз кезегінде келесі тұрғын жолдардағы люктардың жағдайына шағымданды.

– Мен «Өжет» ықшамауданында тұрамын. Өзімнің ауданымды және «Қарасуды» өте жақсы білемін. Өйткені, осы жақта жиі жүреміз. Бізде де жолдар өте нашар. Әсіресе, жолдағы люктардың айналасы қазылып кеткен. Көліктер содан қауіпті қағайды тудырып жатады, – деді тұрғын.

– Осы жылы арнайы Алатау ауданындағы 60 көшеде орташа жөндеу жұмыстарын жүргіземіз. Жол жоқ, бұрын болмаған жерлерге салып береміз. Енді люк бойынша, олар баяғы технологиямен салынып, бұзылған. Осы жылы жаңа, құламайтын қалқымалы люктарды салайын деп жатырмыз. Орташа жөндеу болған көшелерде люктарды бірден саламыз. Осы жылы ойымызда 10 мың люк сатып алу бар. Барлығы қаламызда 40 мың люк жатыр. Оларды өзіңіз білетіндей тағы ұрлайды. Алдымыздағы мамыр-маусым айларының ішінде қаладағы ең жиналып қалған сұрақтарды шешуге тапсырма бердім, қаражатты бөлдік. Жаңа люк салғаннан кейін ол «қолды боп кетпесе» 10 жыл жатады, – деді қала әкімі.

• «Дархан» шағынауданының тұрғыны интернет байланысты күшейтуді өтінді.

– Мен «Дархан» шағынауданының тұрғынымын. Осында тұрғаным 24 жыл болды, ауданмен бірге өсіп келемін. Өткен жылға дейін мектеп үлкен мәселе болған. Ол шешілді. Енді шешілмей тұрған мәселе – интернет. Мен ақсақалдар алқасының төрағасымын, осы мектепте кабинет берген. Бірақ интернет ұстамайды, телефонға қосылмайды. Ол ауданның сұрағы ғана емес, сондықтан қала көлемінде сіз шешсеңіз. Сосын тұрғындар атынан екінші өтінішім бар – жалға берілген жерлерді ескеге ауыстырып берсеңіз. Жалға алынғаннан кейін де көп мәселе шешілмей отыр, – деді ол.

– Жалға берілген жерлердің көбісі қызыл сызықта тұрған үйлер. Заң жүзінде басқа шешімі болмай тұр, сондықтан 5–10 жылға жалға беріп жатырмыз. Қызыл сызық кей учаскелердің ортасынан өтіп жатыр. Өткен жылдан бастап, арнайы комиссия құрылды. Оған қағаздарыңызды көрсетуге болады. Бұл сұрақтарға менің орынбасарым – Әлішер Елісұлы жауап береді, – деді Е.Досаев.

Шаһар басшысының жауабын аудан әкімі толықтырды.

– Одан бөлек, біз «Мегалайн» компаниясымен жұмыс істеп жатырмыз. Қазір шеткі аудандарды қамтып бітірген соң, жыл соңына дейін «Дарханға» кіреміз. Құдай қаласа, заманауи интернет болады, – деді А.Қалдыбеков.

• Келесі аудан тұрғыны бірнеше мәселені ортаға салды.

– Мен «Самғау» шағынауданының тұрғынымын. Бізде ескі екі үй бар. Су құбырлары ескіріп кеткен. Менің тұрғаным 28 жыл болды, ал үйдің пайдалануға берілген жылы одан да көп. Өткенде су 5 күн болмай, ақша жинап өзіміз жөндедік. Ескерткім келеді, су құбырлары өте ескірген. Соны жазып алыңыздаршы. Үйлер бұзыла

қаласының тұрғындары дауыс бергеннен кейін осы жылдың 15 мамырына дейін белгілі болады.

Осы жылдың маусым айына дейін «Зерделі» шағынауданындағы 30 үйдің қалған екеуін нығайту және түзету жұмыстары аяқталады. Сонымен қатар, 2022 жылдың желтоқсан айында құрылысы аяқталмаған 2 үй бұзылды. Ол жерде жаңа саябақ болады.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Қала әкімінің мәліметінше, Алатау ауданында үнемі су басатын жерлердің мәселесі шешілді. 18 учаскенің 16-сында жұмыстар орындалды және қалған 2 учаске бойынша жұмыстарды бір айдың ішінде аяқталады.

Оған қоса, биыл Қарасу көлін механикалық тазарту жұмыстары басталды. Айта кеткен жөн, бұл көл алғаш рет тазартылып жатыр. Тісті жұмыстар осы жылдың қыркүйек айында аяқталады.

Ауданда бейнемониторинг жүйелерінің желісін кеңейту жобасы аясында осы жылдың соңына дейін 750 жаңа бейнекамера орнату жоспарлануда. Жалпы, жол қауіпсіздігін жақсарту мақсатында 96 «Сергек» кешені жұмыс істейді. Сонымен қатар, осы I тоқсанда тағы 97 «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешені орнатылды. Осылайша аудан бойынша 193 «Сергек» камерасы қызмет көрсететін болады.

Ал көшені толық жарықтандыру үшін 2022 жылы Алатау ауданының 135 көшесіне сыртқы жарық орнату жұмыстары жүргізілді. Биыл ауданның жарығы жоқ 123 көшесі бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жоспарланған. 2025 жылы аудан 100% көше жарығымен қамтылады.

ма? Соны да айтсаңыз. Сосын бізде қаңғыбас иттер өте көп, – деп шағымданды тұрғын.

– Қалада жаңа бағдарлама жасалып жатыр. Мамыр айының соңына дейін қабылдаймыз. Оның ішінде ескі үйлерді кезекке бөліп, аудан-ауданмен қандай үйлер бірінші ренавацияға кететінін қараймыз. Әкімдерден қай үйлер бұған дайын екенін білдік. Осы тізімде сіздерді де қарастырамыз. Үй салу, бұзу үшін ең басты мәселе – қаражат. Сіздікі секілді үйлер көп. 1930 жылғы үйлер де бар. Түркісіб, Жетісу үйлерінің көпшілігі ескірген. Ал су жағынан «Самғауда» жұмыстарымызды бітірейік деп жатырмыз. Аудан әкіміне тапсырма беремін. Иттер жағынан ана жолы естідіңіздер ғой, Президент бәрімізге тапсырма берді. Соны орындауға кірістік, жаңа техника алғанбыз, ветеринарлық қызмет штабын көбейттік, – деді шаһар басшысы.

● ТҮЙІН:

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевпен үш сағатқа созылған кездесу барысында аудан тұрғындары жер мәселесі, ескі үйлерді бұзу, жолдарды жөндеу, қаңғыбас иттерді аулау және аудан көшелерін жөндеу сынды өзекті мәселелерді көтерді. Кездесу барысында шаһар басшысы тұрғындардың барлық шағым-өтініштерін тыңдап, тұрғындар сұрағы бойынша нақты тапсырмалар берді. Жынында алматылықтарды толғандырған барлық мәселелерге орай оң шешімдер қабылданды.

Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



● АССАМБЛЕЯ

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК

Мемлекеттік құрылыстың іргетасы
этносаралық келісім мен бірлікке негізделеді

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин өзінің TELEGRAM-дағы парақшасында Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясы жайлы пікір білдірді.



«Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы аталған форумның еліміздегі маңызды саяси оқиғалардың бірі екенін анық көрсетті. Мемлекет басшысы Ассамблеяда сөйлеген сөзінде мемлекеттік құрылыстың іргетасы этносаралық келісім мен бірлікке негізделетінін аңғартты. Этносаралық қатынас бағытындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру үшін кешенді міндеттер қойылды.

Президент сөзінің негізгі түйіні мынандай тұжырымға саяды: жалпыұлттық бірегейлікті әлеуметтік-саяси, экономикалық және рухани құндылықтарды негізге ала отырып, табиғи әрі тарихи жолмен қалыптастыру және дамыту керек. Президенттің айтуынша, «Біздің барша халқымыз өздерін үлкен және біртұтас қазақ ұлтының ажырамас бөлігі ретінде сезінеді», «ондағы әрбір этнос достықты, үйлесімділік пен келісімді нығайтуға баға жетпес үлес қосып отыр».

Осы орайда, Мемлекет басшысы жалпыұлттық бірегейліктің нышандарын тағы бір мәрте атап өтті. Бірінші, азаматтық бірегейлігімізді танытатын көк төлқұжат. Бұл барлық азаматтың тең және мемлекеттің қорғауында екенін көрсетеді. Екіншісі, Қазақстанның тәуелсіздігін, оның ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан мемлекеттілігін бейнелейтін аспан түстес көк байрақ», – деп жазды Ерлан Қарин.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● 1 МАМЫР – БІРЛІК КҮНІ

Асылы ОСМАН,
ҚХА мүшесі, қоғам қайраткері:

ҚАЗАҚТЫҢ МҮДДЕСІ

Ассамблея қызметінің маңызды бағдары
болуы керек

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблеяның кезекті жиынын өткізді. Негізгі тақырып – елдің мүддесі, тұтастық, татулық пен толеранттылық туралы болды.



Бүгінде еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың тарихы мен тірлігі қазақ жұртымен біте қайнасып, бүтін елге айналды. Қазақстанда – бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешуде. Сондықтан осы жолғы жиынның мән-мағынасы жоғары деп білемін. Біз сонау қиыншылық кездері қазақ топырағына жер аударылдық. Бір шеті Қап тауынан тағы бір бұрышы Қиыр Шығыстан күштеп әкелінді. XX ғасырдың басындағы нәубет ешкімді аямады. Жас та, жасамыс та қиналды. Үлкен азап шекті. Міне, сол тұста қазақ халқы бәрімізге пана болды. Сол себепті де, өткен шежірені ұмытуға әсте болмайды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы қазақ халқының мүддесін, дәстүр салтын, әдет-ғұрпын ұдайы есте ұстауы қажет. Қиыншылық кездері өзге ұлттарға пана бола білген қазақтың игі ісін мың еселеп қайтаратын кез келді. Мүмкін болса, әрбір жан осы Отанға табан ет, мандай терін сіңірсе деген аманатым бар.

Біз қазақ топырағын басып, суын ішіп, нанын жеп, ауасын жұтып жүрміз. Президентіміз тұжырымдағандай, біздің қоғамда мемлекеттік тілді үйрену, оны білуге ұмтылу қалыпты жағдайға айналуы қажет. Қазақ тіліне сұраныс артқанда ғана ол көпшілік кең қолданытын тіл болады. «Барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі саясатымыздың стратегиялық бағыты болып қала береді. Қазақ тілі – азаматтық интеграцияның тиімді құралы, мәдени-рухани тұтастықтың жарқын көрінісі. Сондай-ақ, қазақ тілі ғылыми прогресс пен білімнің озық жетістіктеріне жол ашатын құралға айналуы керек», – деді Мемлекет басшысы. Ендеше, қазақша тіл сындырып, мемлекеттіктің барша құрылымында қазақ тілінің мерейін үстем етейік. Сонда ғана осындай алқалы жиындар өз нәтижесін іс жүзінде көрсете бастайды.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

МЕРЕКЕЛІ, БЕРЕКЕЛІ АЛМАТЫ

Шаһарда 1 мамыр күні қалай тойланады?

(Басы 1-бетте)

Концерт «Жасstars» тобының және ҚР мемлекеттік еңбек сіңірген «Салтанат» би ансамблінің орындауындағы «Қазақстан – достық бесігі» вокалдық-би композициясымен ашылады. Ерболат Құдайбергенов, Рүстем Нұржігіт, Данияр Өтеген, Мәди Рымбаев, Дильназ және Дильшат Ахмадиевтер, Төреғали Төреәлі, Дидар Каден, Aldaspan топтары және т.б. өнер көрсетеді.

Алматы – ШЫҰ-ның 2023-2024 жылдардағы мәдени және туристік астанасы. Осыған орай, халқымыздың Бірлік күні қалада Татарстан, Өзбекстан және Белоруссиядан келген қонақтарды қарсы алады. Концертке халықаралық байқаулардың лауреаты Зарина Хасаншина, Өзбекстанның, Қарақалпақстанның, Башқұртстанның халық артисі Жеңісбек Пиязов және Беларусь Республикасының еңбек сіңірген артисі Жанет Бутерус қатысады.

Мерекелік концерттің жалғасы ретінде қазақ, армян, корей, кавказ, түрік, ұйғыр, поляк ұлттық билері және Қазақстанның басқа халықтарының билері ұсынылады. Дәл осы күні Абай алаңында әр халықтың тағамдары фестивалі өтеді. Онда 15 мейрамхана қазақ, корей, грузин, орыс, ұйғыр және үндінің ұлттық тағамдарын ұсынады.

1 мамыр күні сағат 11.00-де Жібек жолы, Панфилов көшелерінде және Ғылым академиясы ғимаратының алдындағы Ш.Уәлиханов атындағы скверде мерекелік іс-шаралар өтеді. Концерттік бағдарламаларға «Алматы әуендері» артистерінің және «Алатау» дәстүрлі өнер театрының, Қазақстан халқы Ассамблеясының, музыкалық топтар мен ди-джейлер қатысады.

Аудандардағы мерекелік іс-шаралар:

– Алатау ауданында – Атлеттер ауылында сағат 14.00-де;

– Алмалы ауданында – Арбатта (Жібек жолы көшесі) сағат 15.00-

ден 17.00-ге дейін мерекелік концерт, көрме және тағамдар фестивалі;

– Өуезов ауданында – түрлі этностың көрмелері және мерекелік концерт Family Park демалыс саябағында сағат 11.00-де;

– Бостандық ауданында – MEGA Alma-Ata COO-да сағат 11.00-де;

– Жетісу ауданында – «Гүлдер» саябағында сағат 11.00-де;

– Медеу ауданында – Ғылым академиясы ғимаратының алдындағы алаңда (Шевченко көшесі, 28) сағат 11.00-де;

– Наурызбай ауданында – аудандық әкімдік ғимаратының алдында («Шұғыла» ықшамауданы, 347) сағат 11.00-де;

– Түркісіб ауданында – №6 Оқушылар үйінде (Сейфуллин даңғылы, 13) сағат 12.00-де концерт болады.

Әзірлеген
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

● КҮНТІЗБЕ

МАМЫР АЙЫ ЕСІК ҚАҒЫП ТҰР

Бұл айда қанша күн демаламыз?

Қазақстандықтар 2023 жылғы мамыр айында мерекелік күндер мен сенбі-жексенбілерді қоса есепке алғанда жалпы 11 күн демалады.

МАМЫР 2023						
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30	31				

Бұл айдағы мереке күндері:

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні.

7 мамыр – Отан қорғаушы күні.

9 мамыр – Жеңіс күні.

Мамыр айының мәртебелі мерекелерінің бірі – Отан қорғаушылар күні жексенбіге түсіп тұрғандықтан, оның демалысы 8 мамырға ауысады. Өйткені, заңға сәйкес, егер мемлекеттік мереке демалыс күніне (сенбі немесе жексенбі) сәйкес келсе, онда демалыс бір күнге ұзартылады. Сондықтан қазақстандықтар мереке күндері төрт күн демалады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Түркісіб ауданында Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының тапсырысы бойынша «Альвис» ЖШС мердігерлік ұйымы «Кәріз желілерін салу» жобасы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізіп жатыр.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұған қоса аталмыш ауданға қарасты «Нижняя Пятилетка» шағынауданында су құбыры желілерін реконструкциялау жұмыстары қолға алынууда. Бұл жұмыстарға техникалық қадағалауды «АДС Сапа» ЖШС, ал авторлық қадағалауды «Нұр Құрылыс 80» ЖШС күнделікті бақылап, жүзеге асырып отыр. Сала мамандарының айтуынша, желілердегі жұмыстар 2023 жылдың желтоқсанында аяқтау жоспарланған.

Айта кеткен жөн, бастапқыда

ЖОЛ ЖӨНДЕУ мамыр айында басталады



асфальтбетон жабынын қалпына келтіру 2022 жылдың күзінде басталады деп жоспарланған еді. Бірақ оған тұрғындардың абоненттік кәріз желілерін жүргізе алмауы себеп болып, қалпына келтіру жұмыстарын ауыстыру туралы шешім қабылданған. Ал ауыстыру күнін таңдағанда, қыста асфальттау жүргізілмейтіні, асфальтбетон зауыты жұмыс істемейтіні, сондай-ақ топырақтың табиғи тығыздалуы кейінгі асфальттауға жағымды әсер

ететіндігі ескерілді. Сол себепті, қалпына келтіру жұмыстары 2023 жылдың көктеміне ауыстырылған болатын.

Бүгінгі таңда асфальтбетон жабынын қалпына келтіруге дайындық жұмыстары аяқталу сатысында тұр. Бірінші кезең – негізгі көшелерді асфальттау. Бұл жұмыстар 2023 жылдың мамыр айында басталады. Одан кейін «Нижняя Пятилетка» шағынауданының қалған көшелерін асфальттау жұмыстары жүргізіледі.



АВИАЦИЯ

ICAO -ның (Халықаралық азаматтық авиация ұйымы) Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі оқу орталығының базасында Қазақстан, Әзербайжан, Грузия, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан авиациялық билік өкілдерінің қатысуымен авиациялық қауіпсіздік жөніндегі үйлестіру тобының бірінші отырысы өтті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ӘУЕ ҚАУІПСІЗДІГІ

Алматыда авиациялық қауіпсіздік жөніндегі үйлестіру тобының бірінші отырысы өтті



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бұған дейін Авиациялық қауіпсіздік және өңірлік ынтымақтастық жөніндегі халықаралық конференцияға қатысушылар, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органдардың өкілдері ынтымақтастық бастамасын және авиациялық қауіпсіздік жөніндегі үйлестіру тобын құруды қолдады. Бұл іс-шара – Қазақстанның бастамасымен жаңа қауіп-қатерлерге бағытталған Орталық Азия өңірі мен Кавказ елдерінің екінші кездесуі. Авиациялық қауіпсіздік бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар АҚШ-қа тікелей рейстердің ашылуына да ықпал етеді.

Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі үйлестіру тобы қатысушы мемлекеттерге

ICAO -ның авиациялық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық жоспарының негізгі басымдықтардың орындалуына және ICAO стандарттары мен тәжірибесін сапалы енгізуге, өзара ақпарат алмасу және бір-біріне қолдау көрсету арқылы авиацияны қауіпсіз студия тиімді тетігі мәселелері жөніндегі кеңесші орган болады. Отырыста Орталық Азия өңірі мен Кавказда ICAO стандарттары мен тәжірибесін тиімді және уақытылы енгізу, авиациялық қауіпсіздік жөніндегі үйлестіру тобының төрағасын, тең төрағасын және хатшысын сайлау, сондай-ақ авиациялық қауіпсіздік жөніндегі үйлестіру тобының ережесін бекіту мәселелері қаралды.

Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі үйлестіру тобының төрағасы болып ҚР ИИДМ Азаматтық авиация комитетінің төрағасы Талғат Ластаев сайланды.

БІЛІМ БӘЙГЕСІ

«АЛМАТЫ ДАРЫНЫ»
озаттарымен мақтанады

Рая
ЕСКЕНДІР

Еліміздің Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы жыл сайын жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсын өткізіп келеді.

Биыл осынау «жүзден жүйрікті, мыңнан тұлпарды» саралайтын білім бәйгесінде алматылық оқушылардың да қатары көп болды. Жақында «Алматы дарыны» орталығында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсына қатысып, жеңімпаз атанған мегаполис мектептерінің үздіктері марапатталды.

Оқушылардың республикалық зерттеу жобалар конкурсына Алматы қаласының атынан қатысқан Б.Алтынсарин атындағы №159 гимназияның 11-сынып оқушылары Айым Төрехан мен Аия Балпаеваның «Концептосфера молодежного сленга» атты зерттеу жұмыстары байқаудың I-дәрежелі дипломымен марапатталды. Жобаға ғылыми жетекшілік еткен Дина Бекбаеваның еңбегі де лайықты бағасын алды.

Конкурстың бірінші кезеңі әрбір мектептің өзінде өтіп, 27000 оқушының 23385

жұмысы тіркелді. Оның 3781-і топтық жұмыс. Әсіресе, байқауға қатысып, бағын сынаған 7000 оқушының 8851-інің ауыл мектебінде оқитыны көңіл қуантады. Соңғы уақытта алыс ауылдарда білім алып жатқан оқушылар да білім додаларына көптеп қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр.

Сонымен, білім бәйгесінің нәтижесі бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер Оқу-ағарту министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен, алтын, күміс және қола медальдармен марапатталды.

Қазылар алқасының шешімімен биыл 484 жеңімпаз анықталды. Жалпы, бұл байқауға еліміздегі жоғары оқу орындарының ректорлары, Алматы Менеджмент университеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, АҚ «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеттері 23 ректорлық білім гранттарын бөліп, дарынды балаларға қолдау көрсетті.

Сондай-ақ, конкурс нәтижелері бойынша жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша математика, химия, информатика секцияларынан ең үздік 3 жоба АҚШ-та өтетін «Regeneron ISEF-2023» атты дүниежүзілік ғылым және техника көрмесіне Қазақстанның атынан қатысатын болды. Аталмыш көрмеге әлемнің түкпір-түкпірінен келген оқушылардың зерттеу жобаларының ең үздік өнертабыстары ұсынылатын болады.

ТАНЫСТЫРЫЛЫМ

ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ
ЖАН МӘҢГІЛІГІ

Алматыда «Күлпет» романының тұсаукесері өтті

Қазақстан Жазушылар кітапханасында жазушы-публицист, «Mecenat.kz» әдеби сыйлығының тұңғыш лауреаты Шархан Қазығұловтың «Күлпет» атты кітабының тұсаукесері өтті. Аталмыш кітап «ARNA-B» баспасының қолдауымен жарық көрген.

Іс-шарада жазушы-журналист, ҚР Президенті сыйлығының және Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Қали Сәрсенбай, «Alatau Aqparat» медиахолдингінің бас директоры Ержан Қалымбайұлы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Дәулетбек Байтұрсынұлы романы жайлы пікірлерімен бөлісіп, кітаптың тұсаукесер рәсімін жасады.

«Күлпет» романы Қазақстанның социализм дәуіріндегі кезеңінен бастап қазіргі күнге дейінгі тарихын басты кейіпкер Әбужан Райысовтың өмірі мен тағдыры арқылы суреттейді. Роман туған жерге деген махаббат пен шынайы патриотизм, қазақ әйелінің адалдығы, ұлттық дәстүрді сақтау сияқты құндылықтар арқылы бүкіләлемдік сұрақтарға жауап іздейді.

«Романда жаңаша стильге, қазіргі заманғы тақырыпты меңгеруге, тіл революциясы мен эволюциясына ерекше мән бердім. Өзім соншалықты бір пассаж болмасам да, қазақтың көнеріп бара жатқан сөз тіркестерін кеңінен пайдалануға көп көңіл бөлдім. Бірақ бұл жағынан да өте сақ болғанымды жасаймаймын. Романды жазып жатқанда оның атауын табуға асыға қоймадым, жұмыстың орта тұсында 5 томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің бір томын ашып қарасам, «Күлпет» деген сөз бар екен. Бұл – архаизм. Жан азабы деген мағынаны білдіреді. Менің шығармама таптырмайтын атау екенін ұқтым», – деді жазушы Шархан Қазығұлов.

Шығармашылық кездесуде «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әртістері халық әндерін шырақды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжі, Д.А.Қонаев атындағы заң колледжінің студенттері, оқырмандар мен кітапхана қызметкерлері ойталқыға қатысты.



«Шарханның «Оңашадағы «онлайн» ойлар» шығармасы біздің «Almaty aqshamy» газетінде жарияланып отырды. Сонда оқырмандарымыз түрлі ой-пікірлерін айтып, қызығушылық танытқан еді. Романда салт-дәстүр тартымды баяндалады. Меценаттар жариялаған романдар бәйгесінде қара үзіп шыққан туынды. Топтан суырылып озды да, әрі қарай құлагердей дара шапты. Шархан «Күлпет» романында «жан мәңгілігіне» иландыра алған. Көркем шығарманың негізгі мақсаты да осындай тәрбие болса, автор дүниесіне жеткен. Қазақ әдебиетіне қосылған сүбелі үлес. Өзіндік стильмен, жаңаша жазылған дүние», – деді Қали Сәрсенбай.

А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



БРИФИНГ

ҚАР КӨШКІНІ ҚАУІП
САҚТАЛАДЫ

Құтқарушылар алматылықтарды тауға шықпауға шақырды

Мамыр мерекелері қарсаңында өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Республикалық жедел құтқару жасағының өкілдері тұрғындарға ережелерді еске салып, демалыстарын қауіпсіз өткізу үшін қажетті кеңестерімен бөлісті.

Ауа райы жылынған сайын далада демалатын тұрғындар саны артып келеді. Бұл ретте көпшілігі таулы аймаққа барады, демалыстарын су қоймаларының жанында өткізеді.

Құтқарушылар бұл кезеңдерде таулы аймақта қар көшкіні қауіп сақталатынын ескертіп, осыған орай азаматтарға тауға шығудан бас тартуға кеңес береді.

«Алматы Іле Алатауының етегінде орналасқан. Біраз уақыт тауға шығудан бас тарту керек, өйткені тауда қар көшкіні қауіп жоғары, сондықтан сақ болу қажет. Қар көшкіні болуы мүмкін беткейлерге барудың керекі жоқ», – деді халықаралық дәрежедегі құтқарушы, Төтенше жағдайлар министрлігінің ардагері Әлихан Көпжанов.

Таулы аймақтардағы су қоймалары да қауіпті. Республикалық жедел құтқару жасағы сүңгуір-құтқару бөлімінің басшысы Андрей Быбенко ережелер туралы баяндап берді. «Судың өзі – қауіпті элемент. Мұнда тау етегінде, әсіресе ағысы қарқынды, көлемді, күрделі ландшафты және тік жағалаулары бар тау өзендері бар. Ең басты қауіп-қатер өзендерге жақындағанда салмағы 100–500 келіден асатын алып тастарды ағызып, алып жүреді» деді ол.

Ал кенелердің белсенділік маусымы дәл осы мамырдың жылы күндеріне келеді, бұл да тау әуесқойларына қауіп төндіреді. Осыған байланысты құтқарушылар тұрғындарға жабық, жеңі бар киім мен шалбар киюді, денеде ашық жер қалдырмауға кеңес береді.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.



● ГАСТРОЛЬДІК САПАР



Осыдан біраз уақыт бұрын, 2008 жылдың 8 шілдесінде Алматының жетінші ауданы құрылған еді. Осылайша асқақ таудың етегіндегі қаймағы бұзылмаған қазақы ауданға Алатау ауданы деген атау беріліп, өз алдына шаңырақ көтерген болатын.

АЛМАТЫЛЫҚ АРДАГЕРЛЕР

Америкада өнер көрсетеді



Рая
ЕСКЕНДІР

Бұл ауданның құрылуына сол кездегі ел ағаларының, ат үстіндегі азаматтардың зор еңбегі сінді. Ұзақ жылдар ел басқарып, мемлекетіміздің дамуына зор үлесін қосқан қадірменді қария Құдайберген Қабдолдин ауданның Ардагерлер кеңесіне төрағалық еткен кезең. Жаңа ауданда күнде жиын, күнде басқосу. Жай ғана жиналыс, тарқасу емес. Мұнда ұлтты ұйыстырып, ұрпақты тәрбиелеу мәселесі сөз болады. Жаңа ауданда «қайтсек жас ұрпақтың санасына сауле құйып, тамшыдай үлесімізді қоссақ» деген аузы дуалы, сөзі уәлі қариялар көп болды. Бірде кезекті жиында Құдайберген Қабдолдин ауданның өнерлі қарияларының басын біріктіріп, ансамбль құрсақ қайтеді деген ой тастады. Көп ұзамай әнші, күйші қариялардан құралған «Алатау ардагерлері» дүниеге келеді.

Қосшының басшыға қарайтын әдегі емес пе, Құдайберген мен Тұраш Қабдолдиндер дуэт болса, қалған қариялар да қалыспай өнердің көрігін қыздыратын еді. Атағы дүркіреген ансамбль Алматыдағы барлық мерекелік бағдарламаға қатысып, сахнадан

түспеді. Өнердің биік шыңы – операны да бағындырды. «Біржан-Сара» операсын кәсіби әртістерден кем сомдамады.

Алдымен Алатау ауданына қарасты 25 ықшамауданды, сосын бүкіл Қазақстанды аралап шықты. Әсіресе, өнерпаз қариялардың Жамбыл облысының Қордай ауданына барған сапары туралы Кененнің көзін көргендердің өзі әлі күнге жыр қылып айтады. Өнер ұжымы 2017 жылы ЭКСПО-ға қатысып, дүние жүзінен келген меймандар алдында өнер көрсетті. Сол жолы шетелдіктер қазақтың өнеріне қол соғып, қариясына құрмет көрсетті.

Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында мәртебелі ұжымның бүгінгі тыныс-тіршілігін, шығармашылық бағдарын білмек боп, ансамбльдің көркемдік жетекшісі, Алатау аудандық Ардагерлер кеңесі мәдениет комиссиясының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Махмуд Тобажанұлы мен Кеңестің Спорт және сауықтыру комиссиясының төрағасы Нұрқасым Молдасанұлына хабарласқан едік. Олар қазір өнерпаз қариялардың бір сәт уақыты жоқ екенін, алдағы мамыр мерекелеріне, сосын АҚШ сапарына дайындалып жатқанын жеткізді.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Махмуд ТОБАЖАНҰЛЫ,
Мәдениет комиссиясының төрағасы:

– Ұлы Жеңіс күніне арнап, театрландырылған көрініс көрсетеміз. Оның сценарийін өзі ақын, өзі сазер, өзі режиссер Хамит Ырысбаев жазды. Ансамблімізде қазір жиырмадай әншіміз бар. Атап айтсақ, Тұлымхан Көкейұлы, Сарқытбай Рысбаев, Қанат Ахманов, Бақытжамал, Макира, Үсен, Шалқаргүл, Айша, Сахинур Алаева және тағы басқа да өнерпаздар. Олар ауданымыздың ғана емес, алып мегаполис – Алматының да мақтанышы.

Нұрқасым МОЛДАСАНҰЛЫ,
Спорт және сауықтыру комиссиясының төрағасы:

– «Ансамбль құрамындағы 26 ардагер қазір Америкаға дайындық үстінде. Сәтін салса, АҚШ мемлекетін аралап, өнер көрсетіп қайтамыз. Нью-Йорктегі қазақ диаспорасымен кездесу де жоспарымызда бар. Жалпы, біз Америкадағы қазақ диаспорасымен тығыз байланыстамыз. Сәтін салса, ардагерлеріміз ел көріп, жер көріп, бір демалып қайтатын болды. Ең бастысы, сапарымыздың демеушісі – қарияларымыздың өздері және олардың ұрпақтары. Ұжым мүшелерінің ең жасы – 63-те, ең үлкен – 81-де. Сондықтан біз бұл ұзақ мерзімді бағдарламаны «Жалғасқан белсенді ғұмыр» деп атап отырмыз. Сапар аясында Катарға соғып, біраз күн аялдамақшымыз. Сосын Доха мемлекетінде өнер көрсетеміз. Әрі қарай Багам аралына шығып, тағы сол жердегі екі-үш мемлекетте өнер көрсетеміз. АҚШ сапарынан соң Орта Азия мемлекеттеріне баруды жоспарлап отырмыз.

● САЛТ-ДӘСТҮР

ҚЫЗЫМ – ҚЫЗҒАЛДАҒЫМ,

Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып



Қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ішінде қаймағы бұзылмай, сонау ежелгі замандардан бүгінге жеткені – балаларға қатыстысы. Өйткені, ата-бабаларымыздан сабақтасып келе жатқан дәстүрлердің адам өмірінде маңызы өте зор. Балаға қатысты салт-дәстүрлердің мағынасы терең.

ҚҰРСАҚ ТОЙ

Балаларға арналған салт-дәстүр «құрсақ тойдан» басталады. Бұл – болашақ баланың қамы үшін жасалатын жоралғының бірі. Бүгінде «құрсақ тойды» әркім әртүрлі өткізіп жүр. Шын мәнінде бұл мерекенің зор мақсаты бар. Тойды үйдің үлкен анасы өткізеді. Ол келіннің және құрсақтағы нәрестенің амандығын тілеп, жақындарының бата-тілегін алу үшін көрші-қоландарына, туыстарына «құрсақ той» өткізіп береді. «Құрсақ тойға» келген әйелдер өздерімен бірге дәмді тағамдар ала келеді. Негізгі мақсат: әр дәмнің арасынан жас келіннің жерігін табу. Қонаққа келген әйелдер қолжаулықтарын үй босағасына іліп кетеді. Бұл – қол-аяғымыз жеңіл болсын, үйдегі бақыт бізбен еріп кетпесін деген ырым.

ЖАРЫС ҚАЗАН

Балаларға қатысты салттың бірі – «жарыс қазан». Босанатын әйелдің толғағы қысып, жиілей бастағанда, жеңілдігін берсін деп сол ауылдың пысық келіншектері ошақ көтеріп, қуырдақ қуыра бастайды. Жарыс қазан көтерудегі басты себеп қазанмен бірге толғақ жиілейді, тамақ пісем дегенше бала туылады деп ырымдаған. Қазіргі кезде ауылды жерде әйел босанғаннан кейін де жарысқазан тойын жасап жатады.

ШІЛДЕ КУЗЕТ НЕМЕСЕ ШІЛДЕХАНА

Нәресте шыр етіп дүние есігін ашқаннан кейінгі алғашқы тойы – шілдехана. Бұл тойдың мәні нәрестені қорғау деген сенімге саяды. Сондықтан бұл жиынды шілде кү-

зет деп те атайды. Ғұрыптың түпкі мәні бала мен ананы тіл-көзден сақтау, қорғау дегеннен туындаған. «Чілде» парсы тілінен аударғанда «қырық» деген мағынаны береді. Қазақ халқының таным-түсінігінде нәресте туғаннан кейін 40 күн оған ерекше күтім керек. Өйткені, дәл осы 40 күн бала үшін қауіпті кезең саналған, оған дейін нәрестеге көп адамды жолатпай, бала мен анасын жақсылап күткен. Кейіннен шілдехана ұлттық ойын-сауық кешіне айналған. Бұл мерекеде алыс-жақын нәрестелі үйге «бауы берік болсын» айтып, сыйлықтарын береді.

ҚАЛЖА

Жас босанған әйелге берілетін тағамды қазаққа қалжа деп атайды. Қалжаны әйелдің төркіні алып келеді. Әдетте қалжаға жаңа сойылған қойдың етін әкеледі. Бұл ғұрып жас босанған әйел ет жеп, сорпа ішіп, тез қуат алуы үшін, бала жылдам ширауы үшін жасалады. Мал сойылып, еті желінгеннен кейін мойнын қабырғаға қырық күнге дейін іліп қояды. Бұл – баланың мойны берік болсын деген ырыммен жасалатын амал.

БӘСІРЕ

Бәсіре – қазақ шаңырағында дүниеге ұл бала келгенде, сол күндері туған құлынды немесе ботаны нәрестенің бәсіресі деп атау салты. Қазақ халқының ұғымы бойынша, дүниеге келген баланың болашағы өзіне атаған бәсіремен тығыз байланысты. Сондықтан оны мінбейді, сатпайды. Бәсіре мүмкіндігінше жүйрік, жорға әрі біреу болғаны дұрыс. Бәсірені баламен бірге қадағалайды, бұла қып өсіреді. Есейе

келе бәсіресі бар баланың да малға деген ықыласы, пейілі түзу болады.

БЕСІК ТОЙ

Жаңа туған бала сәл ширағаннан кейін оны бесікке бөлейді. Бұл да баланың өміріндегі маңызды жоралғы болғандықтан нәрестенің әжелері «бесік той» жасайды. Бесіктің жасауын қыздың анасы даярлайды. Бесік алып бару – қызы өз жұртына келін болып түскен соң тұңғышын босанғанда орындалатын дәстүр. Бесікпен қоса, баланың нағашы әжесі киім-кешек, зергерлік бұйымдармен дастарқанға қойылатын тәттілерін салып алып барады. Үй иесі бұл мерекеге ауыл әйелдерін, баланың кіндік шешесін шақырады. Бесік тойға келген қонақтар балаға арнап шашу, жейде, көйлек тәрізді сыйлықтарын әкеледі. Баланы бесікке бөлеу – үлкен өнер. Бесік тойға келгендердің арасынан жолы үлкен тәжірибелі бір әйел баланы бесікке бөлейді. Бұл кезде түбектің тесігінен балаларға тәтті, бауырсақ, құрт-ірімшік (тыштыма) үлестіреді. Баланы бесікке бөлген әйелге тиісті қаде беріледі. Ал босанған ана тәжірибелі әйелдің бесікке бөлеу өнерін үйренеді.

ҚЫРҚЫНАН ШЫҒАРУ

Қазақ қыркынан шыққан баланы адам қатарына енді қосылды деп санайды. Дүниеге келгеніне қырық күн толғаннан кейін нәрестенің шашы, тырнағы алынады. Бұл жоралғыларды аса ұқыптылықпен епті келіншектер жасайды. Себебі, еңбегі қатпаған баланың шашын алғанда өте абай болу керек. Алдымен баланы 40 қасық суына жуындырады. Немере-шөберелі, ұрпағы өсіп-өнген қарт әже суды баланың үстіне құйып тұрып «30 омыртқан жылдам бекісін, 40 қабырғаң жылдам қатсын» деп тілек айтқан. Тойға жиналған адамдардың әрқайсысы нәрестенің шомылдыратын ыдысқа ырымдап 40 қасық су құяды, шомылдырған ыдысқа «Күні күмістей жарқырап тұрсын» деп күміс сақина, жүзік сияқты әшекейлер салынады. Баланы шомылдыруға атсалысқан әйелдер сақиналарды өзара бөліседі. Той барысында сәбидің қырық күнге дейін киген ит көйлегін шешіп алып, оған құрт-ірімшік, тәттілерді түйіп, бір иттің мойнына байлап қоя береді. Ауыл балалары итті қуып ұстап, тәтті, құрт-ірімшіктерді таласа-тармаса жейді.

TVCAV KESY

Бір жасқа толып, енді ғана қазақ тұрып, тәй-тәй басқан, жүруге талпынған сәбиге арнап, ата-ана тұсау кесер тойын жасайды. Бұл қуанышқа да туыс-туған, көрші-қоландар шақырылады. Олардың арасында көңілі ақ, жолы болғыш адамға баланың тұсауын кесуге қолқа салынады. Баланың аяғын ала жіппен немесе қойдың майлы ішегімен, яки көк шөппен байлайды. Оны өткір кездікпен кесу керек. Ала жіппен байлап кесудің мәнісі –

НЕ? ҚАИДА? ҚАШАН?

АҢШЫЛЫҚ ПЕН БАЛЫҚ АУЛАУ КӨРМЕСІ

Өтетін орны:
«Атакент» павилон.
Күні мен уақыты: 27–30 сәуір.
Жас шектеуі: жоқ.



«АҚҚУ КӨЛІ»

Өтетін орны:
Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры.
Күні мен уақыты: 30 сәуір, 18.00.





ҰЛЫМ – ІЗГІ АРМАНЫМ

келе жатқан асыл мұраларға үңілгенде



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ешкімнің ала жібін аттамай, адал өтсін деген тілектен туған. Ал майлы ішекпен байлап кесу ешкімді жатсынбай майлы ішектей араласу, елгезек, бауырмал өтсін дегенді білдіреді. Көк шөппен байлап кесу баланы көктей қаулап тез жетілсін, көбейіп-көктесін дегенді білдіреді. Қазіргі таңда тұсаукесер тойларында қаз-қаз басқан баланың алдына кітап, ақша, домбыра, көліктің кілті секілді дүниелер қойылады. Мұндай дәстүр кәріс халқында да бар екен.

АТҚА МІНГІЗУ

Қазақ халқының әдет-ғұрпында ұл баланың дүниеге келуін «ұл туғанға – күн туған» деп ерекше бақытқа балайды. Ұрпақтың жалғасы, шаңырақтың иесі ұл бала болып есептелген. Ер баланың сәбилік шақтан балалық шаққа өтуін айғақтайтын рәсім – атқа мінгізу. Баланың буыны бекіп, 4-5 жасқа келгенде немесе ат үстінде өзін ұстай алатын болғанда осы рәсім жасалады. Қазақ халқы ертеден ер баланы жауынгер етіп тәрбиелеу, еңбекке баулу мақсатын көздеген. Балаларға арналып алдын ала ат дайындап ер-тұрман әзірлейді. Мұны халқымызда «ашамай» деп атайды. Ашамайдың ер сияқты екі қапталы, оқпаны болады. Үзеңгінің орнына тепкішек қолданылады. Баланы атқа мінгізген күні арнайы атқа мінгізу тойы жасалады.

АЙДАР ТАҒУ

Қазақта ер баланы зарғып көрген ата-ана ұлына кішкене күнінде төбе шашын ұзартып өсіріп, моншақ араластырып өріп қояды. Тарихи деректерге қарағанда, Кенесары мен оның немересі атақты Наурызбай батырда айдар болған екен. Бала он жасқа келіп айдарынан намыстанған кезде оның айдарын алып тастау барысында бірер мал сойып тойлайтын әдет болған.

СҮНДЕТ ТОЙ

Шариғат заңы бойынша ұл баланы бес жас немесе жеті жаста сүндетке отырғызады. Қазақ халқының дәстүрлерінің көбі шариғат заңына қайшы келмейді. Той кезінде сүндеттелген баланың басына немесе иығына үкі тағып, жиынды аралатады, барған жердегі адамдар шашу

шашып құттықтайды. Қазақ халқы сүндет тойды – міндет той деп санап, міндетті түрде ауқымды етіп тойлаған. Сүндет той әр адамның әл-ауқатына қарай өткізіледі. Дегенмен, тойшыл қауым бұл мерекеде де бәйге, балуан, қыз қуар, теңге ілу, жамбы ату, т.б. ойындар ұйымдастырады, түрлі салтанатты салттар өткізеді. Қазіргі кезде бала туылғаннан кейін 7 күннен кейін де сүндеттейтіндер бар. Кейбір дәрігерлер де ер баланың ертерек сүндеттелгенін құптайды.

ТІЛАШАР

Баланың тілі тез шықсын деген ниетпен жасалатын рәсім – тілашар тойы. Оған ауылдың шешен ақсақал, қариялары шақырылады. Той барысында олар «Тілің тез шықсын!», «Таңдайың тақылдап тұрсын» деп сәбиге қойдың тілін жегізеді. Тойға жиналған қауым балаға «Сандуғаштай сайрап кет!», «Жиреншедей шешен бол, Жәнібектей көсем бол!» деген секілді ақ баталарын берген. Қазіргі таңда тілашар тойы бала мектеп табалдырығын аттағанда жасалады.

ЫРЫМ-ТҮЙІМДАР

- Қалжа жемеген әйелдің баласы ынжық, болбыр, икемсіз болып өседі.
- Баланы бесікке саларда ешкім сөйлемейді. Егер біреу сөйлеп қойса, бала жылауық, өскенде өсекші болады.
- Сәби шалқасынан жатып башайын тістесе, оны «үйірін шақырып жатыр» деп ырымдайды. Яғни оның соңынан тағы бір бала келеді деген ұғым бар.
- Сәбидің қырқынан шыққанда қарын шашын алмаса – қарғысы қатты болады.
- Балаға қарғыс өтпеу үшін оны үш кемпірдің бұтынан өткізіп алады.
- Үйге кіріп келе жатқан бала есік алдына құлап қалса – үйге береке, ырыс, байлық келеді. Оны төрге апарып үш рет аунатады.
- Сәби шалқасынан жатып ұйықтаса – елге белгілі азамат болып өседі, бүк түсіп ұйықтаса – уайымшыл, жігерсіз болып шығады, етпетінен жатып ұйықтаса – ойшыл болады.
- Балаға асық етін мүжітпейді. «Алты жыл аш болсаң да, асық етін мүжіме» деген бар.
- «Бойы өспей қалады» деп, жас балаға бұғана ұстатпайды.
- Қалы үлкейіп кетпесін деп, қалымен туған балаға «Қалдыгүл, Қалдыбай» деп ат қояды.
- Аты сүріншек болады деп балаға төстің сүріншегін жегізбейді.
- Жеңілтек болады деп қыз баланы қырқынан ерте шығармайды.
- Жас босанған әйел 40 күнге дейін қолын суық суға малса – баласы тас бауыр болады.
- Бөбек мезгілінде еңбектемесе – оның бауырынан тағам толы табақ өткізеді, сонда тез еңбектеп кетеді.
- Сәбидің тілі мезгілінде шықпаса – нағашысының үйінен апарып, бір қойды сойдырып, соның көтеншегімен буындырады.

Әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.

ЖЕҢІС КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Бүгін Ұлы Отан соғысының ардагері – шекарашы, «Қызыл Жұлдыз» орденінің екі дүркін кавалері, I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы», «Құрмет» ордендерінің иегері, отставкадағы полковник Таратунин Николай Александрович 100 жасқа толды.

ҒАСЫР ЖАСАҒАН ҚАРИЯ

ҰОС-ның ардагері
100 жылдық мерейтойын
атап өтуде



Николай Таратунин 1941 жылы құрдастарымен бірге Отанды қорғау үшін майданға аттанады. Батыс, Сталинград, Украин майдандарында жанкештілікпен шайқасып, жерімізді басқыншылардан қорғайды.

Соғыстан соң ол Алматыдағы жаяу әскерлер училищесінің курсанты атанады. Оқуды жақсы аяқтап, Түркиямен, Иранмен, Қытаймен, Жапониямен шекаралас аймақтарда әскери қызметін өтейді. Бүгінде соғыс ардагері Николай Александрович ұлымен бірге тұрады, үш немересі, төрт шөбересі бар. 9 мамырда бәрі жиналып, ардагер аталарын Жеңіс күнімен құттықтайды.

Соғыс ардагерін Алматы әкімдігі, «Застава Тарландары» ардагер шекарашылардың республикалық қоғамдық ұйымының, ардагерлердің қалалық Кеңесінің, Аманат партиясының өкілдері, қорғаныс жөніндегі басқарманың әскери қызметшілері, Жас сарбаз әскери-патриоттық клубының жасөспірімдері, ҚР Қорғаныс Күштері әскери-патриоттық орталығы филиалының өкілдері, ҰОС-ның соғысы мен тыл еңбеккерлері ардагерлер Кеңесінің қоғамдық қоры, ҰҚК шекара қызметінің әскерилері құттықтады.

Әкімдік және кәсіпкерлер әскери шекаралық гарнизонмен, техниканы жөндеу жөніндегі басқарманың және ҚР ҰҚК шекара қызметінің әскерилерімен бірге ардагердің үйін жөндеп, аула айналасын тазартып берді.

Айта кетерлігі, мемлекет, бизнес өкілдері, ҰЕҰ, әскери бөлімшелер тек Жеңіс күні ғана емес, ардагерлерге үнемі қолдау көрсетіп, көмектесіп келеді. Ақшалай төлемдер, түрлі жеңілдіктер жасалып, үйлерінде де, оның ішінде медициналық көмек те көрсетіледі.

НЕ?

«ӨЗІМЕН-ӨЗІ КҮРЕС»

Өтетін орны: Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі.
Күні мен уақыты: Сәуір айының 30-ына дейін тамашалай аласыздар.



ҚАЙДА?

«КӨҢІЛДІ ҚОНЖЫҚТАР»

Өтетін орны: Алматы қаласының мемлекеттік қуыршақ театры.
Күні мен уақыты: 30 сәуір, 14.00.



ҚАШАН?

«ҚҰНАНБАЙ»

Қ.Қуанышбаев атындағы драма театрының Алматыдағы гастрольдік сапары.
Өтетін орны: Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Күні мен уақыты: 2 мамыр, 18.30.



Әзірлеген
Ақтоқын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Жалпы, мектеп салу Үкімет пен әкімдіктер үшін басты міндеттердің бірі болуы керек. Жемқорлар сотталғанда, олардың заңсыз тапқан қаржысы мемлекетке өтіп, түгелдей мектеп құрылысына жұмсалуда тиіс.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ЖЕМҚОРЛАРДАН ТӘРКІЛЕНГЕН ҚАРАЖАТ 72 жаңа мектептің құрылысына жұмсалады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты халыққа Жолдауында жемқорлардан алынған қаражатты білім беру инфрақұрылымын қолдауға бағыттауды тапсырған болатын.

Үкімет сыбайлас жемқорлардан сот арқылы алынып, мемлекетке өткен ақшалай қаражатты мектептердің құрылысына беру тетігін бекітті.

Тиісті түзетулер енгізілген қаулыға ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов қол қойды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: *Primeminister.kz*).

● ЕҢБЕК АДАМЫ

ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

«Қаңтар оқиғасында» жанкештілік танытқан дәрігерлер

Мегаполистегі әр медициналық мекеменің өз орны, өз биігі бар. Алматы қалалық Жедел-шұғыл көмек көрсету ауруханасының да халыққа көрсетіп жатқан қызметі өлшеусіз. Емдеу мекемесінің аты айтып тұрғандай, мұнда көбінесе түрлі апаттар мен оқыс оқиғалардан зардап шегіп, жарақат алғандар, аяқастынан денсаулығы күрт нашарлаған сырқаттар келіп түседі.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Жедел жәрдеммен» күніне 100-ден астам адам жеткізіліп жатады. Олардың басым көпшілігінің өмір мен өлімнің ортасында арпалысып жатқанын көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Осы жолда медицина ғылымының кандидаты Алмаз Джувашев бастаған тәжірибелі ұжым адал қызмет етіп, талай отбасына қуаныш сыйлап келеді.

Олардың иығына, әсіресе, бүкіл әлемді коронавирус індеті жайлаған жылдары көп салмақ түскенін білеміз. Егер бұрын әр медицина қызметкері тек өз мамандығына тиесілі саласы бойынша ғана жұмысын атқарса, коронавирус пандемиясы кезінде дәрігерлер универсал, яғни бесаспап маман ретінде жұмыс істегенін көз көрді.

Ауруханада 900-ге жуық қызметкер жұмыс істейді. Олардың 50-ден астамы –

жоғары санатты дәрігер, 220-ға жуығы – дәрігер, 350-ден астамы – орта медперсонал, ал 100-ге жуығы кіші медқызметкер.

Ең көне ауруханалардың бірі болып саналатын қалалық Жедел-шұғыл көмек көрсету ауруханасының іргесі сонау XIX ғасырдың 1896 жылдары Семиречье уезі кезіндегі Верный (қазіргі Алматы) қаласында қаланған екен. Қазіргі күні аталған аурухананың ғимараты жаңартылып, аумағы айтарлықтай кеңейтілген. Аурухана жаңа үлгідегі заманауи медициналық аппараттармен жабдықталған.

«Қаңтар оқиғасында» аталған аурухананың медперсоналдары мен басқа да қызмет мамандары дәл сол қанды оқиға кезінде бәрі де күн-түн демей жұмыс орнынан табылып, үрейлі атыс-шабысқа қарамастан науқастар мен ауруханаға лек-легімен түсіп жатқан жаралыларға дер кезінде жедел көмек көрсетіп жатты.

Басын қатерге тіккен «Жедел жәрдем» жүргізушісіне дейін донорға қажетті қан тасымалдап, ерлік көрсетті. Тіпті, осы мекемеге қарасты бір «Жедел жәрдем» көлігін ішіндегі медицина қызметкерлерімен бірге лаңкестер күштеп тоқтатып, төңкеріп тастағанын сол кездегі бейнетүсірілімдерден көріп, жағамызды ұстағанымыз бар. Сол күндерде көшеде қансырап жатқан жаралыларды зембілге салып әкетпек болған дәрігерлерге айқайлап, тап берген бұзақылардан тайсалмастан «Бұл біздің дәрігерлік парызымыз!» деп жанкештілік көрсетіп, жұмыстарын жалғастыра берген ержүрек дәрігерлерді де көріп, «Міне, нағыз ерлер!» деп риза болған едік.

Иә, ақ халатты абзал жандар қандай құрметке де лайықты!

● АСТАНА КҮНІ

ЖҰМЫС УАҚЫТЫН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ мақсатында 1 шілдедегі демалыс күні 7 шілдеге ауыстырылды

Үкімет Елорда күніне орай демалыс күнін ауыстыру туралы Қаулы қабылдады.

Жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында 2023 жылғы 1 шілде, сенбідегі демалыс күні 7 шілдеге, жұма күніне ауыстырылды. Осылайша, бес күндік жұмыс аптасында қазақстандықтар 2023 жылы Астана күніне орай 6, 7, 8 және 9 шілдеде, яғни төрт күн қатарынан демалады. Сенбі, 1 шілде жұмыс күні болады.

Демалыс күнін ауыстыру жұмыс істейтін қазақстандықтар үшін мереке күндері уақытын алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: *primeminister.kz*).



● СТАТИСТИКА

14 417 ШЕТЕЛ АЗАМАТЫ Қазақстан аумағында еңбек етеді

2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдардың рұқсатымен Қазақстан аумағында 14 417 шетел азаматы еңбек етеді, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Шетел жұмыс күшін (ШЖК) тартуға рұқсаттардың арасында мынадай санаттар бар: басшылар мен олардың орынбасарлары үшін 584 рұқсат (бірінші санат), құрылымдық бөлімшелердің басшылары үшін 3028 рұқсат (екінші санат). Тартылған шетел жұмыс күшінің негізгі бөлігі үшінші (мамандар) және төртінші (білікті жұмысшылар) санаттарға жатады – тиісінше олар 7186 және 881 адам. Сондай-ақ, маусымдық жұмыстарға 1302 адам, ал корпоративтік ауыстыру аясында 1437 адам тартылған.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ШЖК пайдаланатын 1693 жұмыс беруші бар. Оларда 407,9 мыңнан астам Қазақстан азаматы жұмыс істейді, бұл қызметкерлердің жалпы санының 96%-ы.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша ең көп жұмыс істейтіндер құрылыс саласында – 5262 адам (37,3%); тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу – 1441 адам (10%); ауыл, орман және балық шаруашылығы – 1143 адам (8%); кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет – 979 адам (7%); өңдеу өнеркәсібі – 883 адам (7%). Қазақстанға еңбек мигранттары келетін негізгі елдер: Қытай – 3493 адам (25%), Түркия – 1523 адам (11%), Үндістан – 1722 адам (12%), Өзбекстан – 1461 адам (9,3%). Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын республикаға шетел мамандарын тартуға квота белгілейді және бөледі. 2023 жылы жалпы квота республикадағы жұмыс күшінің санына қатысты 0,24% немесе 22 260 бірлік мөлшерінде белгіленді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: *ortcom.kz*).

● КӨРМЕ

«KIOF» халықаралық аңшылық, балық аулау және белсенді демалыс көрмесі 27–30 сәуір аралығында «Атакент» көрме орталығында, №9 павильонда өтіп жатыр. Іс-шараны Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Қансонар» аңшылардың қоғамдық бірлестіктері мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің республикалық қауымдастығы, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті, «Керуеншілер» қауымдастығы және «Central Asia Trade Exhibition» ЖШС-сы ұйымдастырды.

АҢШЫЛАР МЕН БАЛЫҚШЫЛАР қызықты ойын-сауық шараларын өткізді



Досбол
АТАЖАН

«Аңшылық, балық аулау және белсенді демалыс көрмесі Қазақстанда 4-рет өтіп жатыр. Биыл 50-ден астам компания аң аулау, балық аулау және ашық ауада демалудың жаңа маусымына өз тауарларын ұсынуда. Көрмеде тек отандық компаниялар емес, Ресей және Қытай өкілдері де бар. Бұрын тек аңшылық және балық аулау көрмесі болса, осы жыл белсенді демалысқа байланысты өнімдерді қостық. Бұл сала елімізде дамып келе жатыр. Көрмеге барлық ниет білдірген азаматтар тіркеуден өтіп, қатыса алады», – деді шара ұйымдастырушысы Бауыржан Оспанов.

Айта кеткен жөн, көрменің әр күні павильон аумағында балық аулау ілмегін байлау, жорық сөмкесін дайындау, жабайы үйректердің түрін анықтау секілді қызықты ойын-сауық шаралары өткізілді.

– Көрменің бас ұйымдастырушысы – «Қансонар» аңшылардың қоғамдық бірлестігі. Оның құрылғанына 10 жыл



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

болды. Біз аңшыларды оқытып, оларға куәлік береміз. Аңшылардың субъектілері бар, біз соларды тіркеп, жыл сайын квота береміз. Зоология институтының зерттеуіне сүйене отырып, қанша аң аулауға болатынын хабарлаймыз. Қоғамдық бірлестігіміз Экология және табиғи ресурстар министрлігімен тығыз байланыста жұмыс істейді», – деді «Қансонар» ҚБ бас директоры Мұрат Қабылбеков.



● ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ

БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫМЫЗ

жарқын болашаққа бастайды

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдермен және мемлекеттік органдардың басшыларымен өткізген кеңесте ел бірлігінің маңыздылығына ерекше тоқталды. «Этносаралық келісімді нығайту – еліміздің тұрақты дамуының негізі. Бұл маңызды міндетті жүзеге асыру үшін орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті билік, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен жалпы азаматтық қоғам күш біріктіруі қажет», – деді Президент.

ЕЛДІҢ БІРЛІГІ МЕН БЫНТЫМАҒЫ

Шынында да, Қазақстанда тыныштық пен бейбітшілікті сақтау – әрбір азаматтың парызы. Ұлттық бірлік, қоғамдағы келісім Қазақстан халқына экономикалық, әлеуметтік өрлеу, демократиялық мемлекетті құру жолында жаңа белеске көтерілуге мүмкіндік береді.

Қазір бүкіл дүние жүзі толқып тұр. Жан-жақта соғыс басталып, әлем оқ пен оттың ортасында қалатын түрі бар. Ендігі жаһандық дағдарыстың қаупі бүкіл елге оңай соқпасы анық. Тіпті, қазір дамыған елдердің өзінде экономикалық қиыншылықтар туындап, қарыздары өсіп, әлеуметтік шығыстарын азайтуда. Сондықтан бізге дәл қазіргі жағдайда ішкі тұрақтылық пен татулық, өзара түсіністік өте маңызды. Біз барлық сынақтарды тек халықтың бірлігі арқылы ғана жеңе аламыз.

Бірлік – баға жетпес басты байлығымыз. Осы ұғым біздің мызғымас мемлекетіміздің тұтастығына тірек болады. Бірліктің берекелі бекітіне айналған Қазақстан жасай берсін десек, түрлі ұлттарды ұйыстырып, ұлысты ұғыстыра билген еліміз өркендей берсін десек, тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық, тілегіміз – татулық болуы керек.

БАРЛЫҒЫНА БІРДЕЙ МҮМКІНДІК БЕРІЛГЕН

Қазақстан Конституциясы елдегі азаматтардың ұлтына, нәсіліне қарамастан, барлығына бірдей мүмкіндіктер мен құқық беретінін айта кету қажет. Өркім өзіне тән этномәдени мүддесін қорғауда тең құқыққа ие екендігіне конституциялық жолмен кепілдік беріледі. Сонымен қатар, Қазақстанда тарихи-мәдени мұраларды қалыптастыруға, елімізді мекен еткен халықтардың мәдениетін сақтауға, дамытуға және жандандыруға мемлекет тарапынан айтарлықтай іс-шаралар атқарылып жатыр. Қазақстанда шығыстық және батыстық, мұсылмандық және христиандық, түркілік және славяндық және басқа да типтегі мәдениет өкілдері бар. Ал әрбір ұлттық мәдениет – адамзаттың рухани құндылықтарындағы бағалы байлық болып саналады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

Мәселен, Қазақстан халқы Ассамблеясы – елдегі этникааралық мүдделерді тоғыстырудың жолын іздеуден туындаған құрылым болып табылады. Ол азаматтық қоғам мен ұлттық саясатты өркендетті түрде жүргізудегі әлемде теңдесі жоқ инструментке айналғанын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Бүгінде ҚХА 820 этномәдени бірлестіктің ықпалдастығын жүзеге асырып отыр. Елімізде әрбір этникалық топтың өз ұлттық-мәдени орталықтары бар. Олар түрлі тілдердің, мәдениеттердің, дәстүрлердің дамуына септігін тигізуде. Ал мемлекет сол орталықтардың түрлі бастамалары мен ұсыныстарына толық қолдау көрсетіп отыр. Еліміздегі этностардың арасындағы келісім – қоғамдық лидерлердің, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, оқу орындардың көпжылдық еңбегінің жемісі болып табылады.

«БӨЛІНГЕНДІ БӨРІ ЖЕЙДІ»

Жер бетінде ғұмыр кешіп жатқан қандай халықтың да өз ана тілі, ділі, діні, салт-дәстүрі, ұстанымы болады және ол сол халықтың бойында сақталуы тиіс. Егер кімде-кім әр халықтың бойындағы сол ұлттық ерекшелігін жойып, табиғи тепе-теңдікті бұзуға қасақана әрекет жасар болса, оның салдары ұлттың жоғалуына алып келеді. Тіпті, жер бетінде үлкен қақтығыстар орын алып, қан-



төгістер болуы әбден мүмкін. Ал біздің көксегеніміз, жалпы адамзат баласының тілегі де, мақсаты да тек тыныштық. Біздің мақсат – ұлтаралық татулықты сақтап, аңсап, талып қолымызды жеткізген тәуелсіздігімізге сызат түсіріп алмау. Бүгінде Мемлекет басшысы да бұл мәселеге аса мән беріп отыр. Елімізде мекен еткен әрбір ұлтқа тиісті дәрежеде жағдай жасалуда. Олардың ана тілін жетілдіріп, салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға қамқорлық көрсетіліп келеді. Міне, осындай салиқалы саясаттың арқасында елімізде күні бүгінге дейін қаншама ұлттар мен ұлыстар өзара ынтымағы, бірлігі жарасып, тату-тәтті ғұмыр кешіп келе жатыр. Тек енді біз осы бағытымыздан адасып қалмауымыз керек.

БЕЙБІТ ӨМІР – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Сондай-ақ, мемлекеттің бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтап қалу жөніндегі этносаясаты, этностар арасындағы төзімділік пен әріптестік механизмдері мен элементтері елдегі діни мәселеде де қолданылуы керек. Шағын орналасқан этникалық топтардың әлеуметтік-тұрмыстық, экономикалық, аймақтық саясаты негізгі болып табылады. Дегенмен, әлемдегі діндер мен конфессиялардың беделді басшыларының өз тәжірибелері-

не сүйене отырып айтқан пікірлеріне назар аударсақ, бұл мәселеде интеллектуалды, әлеуметтік-экономикалық саясат азық етеді. Көп жағдайда халықтың, этникалық топтардың діни көзқарасын лайықты деңгейде ескермеу, бағаламау діннің маңызын түсіріп, бейбітшілік құндылықтарына, өзара сыйластық пен төзімділікке салдарын тигізеді.

Жалпы айтқанда, Тәуелсіз мемлекетіміз өзінің ұлттық саясатын әрі қарай да жалғастыра беруге, этносаралық қарым-қатынастар жүйесін жетілдіре беруге тиіс. Бұл – мемлекеттік органдармен қатар қоғамдық бірлестіктерге де қатысты қажеттілік. Дегенмен, біз этносаралық қатынастарды тиімді реттеудің қазақстандық моделінің негізі қаланды және ол Қазақстан Республикасының орнықты дамуы үшін жағымды әсер беріп жатыр деп сенімді түрде айта аламыз.



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Арман БЕЙСЕНОВ, қала тұрғыны:

ТАТУЛЫҚ – ТАБЫЛМАС БАҚЫТ

Бейбітшілік пен қауіпсіздіктің орнауына достық ниеттің тигізер үлесі орасан. Ол толеранттылық, төзімділік, өзгені құрметтеу сияқты құндылықтардан пайда болады. Бұл – БҰҰ-ның да, Қазақстан халқының да принциптері. Мен Мемлекет басшысының Ассамблеяға қатысты бастамаларын әрқашан құптаймын. Әлемде көп мемлекет этникалық топтарға бөлініп кеткен. Ұлтаралық келіспеушіліктердің салдарынан әлемдегі көптеген елдердің дамуы кенжелеп қалды. Меніңше, Қазақстан жақсы үлгі көрсетіп отыр. Қазақстан – адам құқығы және ашылықтың құқығы жөніндегі бірқатар келісімдерге қол қойған ел. Бұл – әлемнің көптеген елдері іске асыруы тиіс тамаша идеялар. Қазақстанда 130-ға жуық әртүрлі ұлттардың өкілдері бар. Мемлекет әкімшілігі осы ашылықтардың құқығын қорғау жөнінде, олардың тілі мен мәдениетін, дәстүрін қорғау ісінде түрлі шараларды белсенді ұйымдастырып жатыр. Этносаралық толеранттылықтың жақсы үлгісін көрсетіп жатқандықтан, көп мемлекет Қазақстаннан үлгі алу керек.

Ерлан МАХАМБЕТОВ, заңгер:

ЕЛ БІРЛІГІНЕ СЫЗАТ ТҮСПЕУІ ТИІС

Қазіргі кезде адамзат қауымдастығына адамның өзі қауіп төндіріп отыр. Ғылыми ашытуларға, тың жаңалықтарға қарамастан, адамдар бір-бірін түсіну, сыйластықта қарым-қатынас мәселесінде кезегеміз кері тартады. Махаббат, достық, қуаныш – адамның ажырамас құндылығы. Қазақстан – ұлтаралық татулық пен тұрақтылықты үйлестірген мемлекет. Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Тарихтың бізді көп ұлтты еткеніне біздің кінәміз жоқ. Біздің елге келген басқа ұлттардың да еш кінәсі жоқ. Ресейдің бодандығы кезінде бізді жанышын деп, біз басқаларды жанышынсақ, онда біздің ақылымыз қайда? Тарихтан тәлім алғанымыз қайда? Көп ұлттың басын біріктіргеніміз үшін бізді дүние жүзі сыйлайды. Ұлтаралық татулықтың жоқтығынан әлемде қанша қан төгіліп жатыр. Бізде, Аллаға шүкір, ондай жоқ. Өз бірлігімізді, көп ұлтты халықтың бірлігін, ішкі-сыртқы тыныштықты сақтайтын болсақ, әлі талай жетістіктерге жететін боламыз.

● ӨЗЕКТІ

ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров үкіметтің «байлыққа салық салу туралы жоспары» жөнінде айтып, «дәулетті адам деп кімді айтамыз?» деген сұраққа жауап берді.

БАЙЛАР САЛЫҒЫ

Бар болса – бөліс!

Министрдің пікірінше, байлықты өлшеу қиын және оны әртүрлі түсінуге болады. «Нақты жағдайда мәселе қымбат заттар мен мүліктер жөнінде болып отыр» деп болашақта қымбат көлік пен яхта, зергерлік бұйымдар, антиквариатқа салық салу жоспарланып отырғанын жеткізді.

Шынында да, қазір байлар мен кедейлердің арасы тым алшақтап кетті. Біздегі кейбір байлар қысылтаяң кезге қарамастан, Шешенстандағы футбол командасына ұшақ сыйлап, аурухана салып беретінін жария еткендер де бар. Рас, ғайыптан пайда болған қырғын дүние-дәулетін шетелге пашатын байшонжарлар да жоқ емес.

Сондықтан жалақысы жоғары адамдар мемлекетке тапқан табысына сай салық төлеуі тиіс. Өйткені, мемлекет олардан бюджетке түскен түсімді трансферттік шығындар мен әлеуметтік төлемдерді жабуға жұмсайды. Осылайша қоғамда әділдік орнатуға бір қадам жасалады.

Қазір бізде 100 мың теңге жалақы алатын адам мен миллионнан жоғары табыс табатын адам бірдей, яғни 10% жеке табыс салығын төлейді. Әділдік тұрғысынан қарағанда бұл дұрыс емес. Қолданысқа үдемелі өлшем енгізілсе, табысы аз адамдар – аз, ал табысы көп адамдар – көп салық төлейді. Сонда тұрғындар арасында теңдік болады. Яғни үдемелі өлшем халықтың басым бөлігі үшін тиімділігін көрсетеді. Сол үшін байлыққа салық салуды әлеуметтік жауапкершіліктің бір тетігі іспетті қарауымыз керек.

Бұл ретте байлар бөлек салық төлеуі тиіс. Өйткені, еліміздегі ауқатты адамдардың табысы көбейген сайын, сәйкесінше, оларға салынатын салықты да еселеп өсіру керек. Егер шенеунік, ұлттық компания топ-менеджерлері мен кәсіпкердің айлық табысы 1 миллионнан асса, ол мемлекетке 40 пайыз салық төлеуі қажет. Табысы жоғары адамдарға және қымбат көлік, зәулім үй сатып алып, оны ашық жариялап жүрген байларға салықты көбірек салу әділетті болады.

Өйтпесе, қазір байлар тым шектен шығып барады. Түйені түгімен жұтқан олигархтар қарапайым қара халыққа көмектеспейді. Бүгінде интернетті ашып қалсаңыз, баласын немесе өзін емдете алмай, қайыр сұрап жүрген адамдар қаншама? Әлеуметтік желіге суреттерімен қосып, небір ауру түрлерін жазғанда, қарап отырып жүрегің ауырады. Ондай адамдар саны тым көбейіп кеткен. Ауқаттылар байыған үстіне байып жатыр. Осы әділдік пе? Сондықтан әрбір азамат жиып-терген дәулетіне сай салық төлеуі керек. Байларға салық салынса, ел қазынасына қыруар акша түседі. Соның арқасында мемлекетте қосымша қаражат та пайда болады. Ал оны халықты әлеуметтік жағынан қолдауға, яғни көпбалалы, тұрмысы төмен отбасыларға, мүгедектерге көмек көрсетуге жұмсау қажет.

Қалай десе де, байлардың бәрінің де «қаржы айналымдарының» қозғаушы күші – тұрып жатқан елі. Сондықтан табысының көлеміне қарай сол елмен салығын да лайықты бөлісу – әділетті шешім болар еді...

Бетті әзірлеген
Серік ЖҰМАБАЕВ.



Алматы қаласы мәслихаты шешімін
мемлекеттік тіркеу туралы
АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 21 сәуірдегі №7 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2023 жылғы 25 сәуірде №180153 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2023 жылғы 21 сәуір

№7

Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы
9 желтоқсандағы №198 «Алматы қаласының
2023–2025 жылдарға арналған бюджеті туралы»
шешіміне өзгерістер енгізу туралы

ШЕШІТІ:

1. Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 9 желтоқсандағы №198 «Алматы қаласының 2023–2025 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №175324 болып тіркелген), келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Алматы қаласының 2023–2025 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2023 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 1 339 172 121 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1 143 708 769 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 8 737 171 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 45 891 826 мың теңге;

Алматы қаласы мәслихатының
2023 жылғы 21 сәуірдегі №7 шешіміне қосымша

Алматы қаласы мәслихатының
2022 жылғы 9 желтоқсандағы №198 шешіміне 1-қосымша

Алматы қаласының 2023 жылға арналған бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
	Сыныбы	Атауы	
		Ішкі сыныбы	
		Специфика	
	1	2	3
		I. Кірістер	1 339 172 121,0
1		Салықтық түсімдер	1 143 708 769,0
	01	Табыс салығы	802 018 359,0
	1	Корпоративтік табыс салығы	360 045 089,0
	2	Жеке табыс салығы	441 973 270,0
	03	Әлеуметтік салық	229 015 876,0
	1	Әлеуметтік салық	229 015 876,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	58 076 175,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	36 858 724,0
	3	Жер салығы	3 775 705,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	17 415 306,0
	5	Бірыңғай жер салығы	26 440,0
	05	Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	40 851 424,0
	2	Ақшиздер	24 145 267,0
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	5 721 264,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	10 984 893,0
	08	Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	13 746 935,0
	1	Мемлекеттік баж	13 746 935,0
2		Салықтық емес түсімдер	8 737 171,0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 005 277,0
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	839 811,0
	3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивиденттер	28 251,0
	4	Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	593 400,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 523 638,0
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	20 177,0
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер сатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3 105 698,0
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер сатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3 105 698,0
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	2 626 196,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2 626 196,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	45 891 826,0
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	41 110 076,0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	41 110 076,0
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	4 781 750,0
	1	Жерді сату	4 685 000,0
	2	Материалдық емес активтерді сату	96 750,0

трансферттер түсімдері – 140 834 355 мың теңге;
2) шығындар – 1 475 507 810 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 15 452 230 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 63 583 080 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 64 033 080 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -215 370 999 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) – 215 370 999 мың теңге»;
6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 17 174 121 мың теңге сомасында бекітілсін»;
7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«7. Қорғаныс шығындары 21 497 369 мың теңге сомасында бекітілсін»;
8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«8. Қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметті қамтамасыз ету бойынша шығындар 37 690 036 мың теңге сомасында бекітілсін»;
9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«9. Білім беру шығындары 444 158 807,9 мың теңге сомасында бекітілсін»;
10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«10. Денсаулық сақтау шығындары 37 735 338,1 мың теңге сомасында бекітілсін»;
11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«11. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 55 718 807 мың теңге сомасында бекітілсін»;
12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«12. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары 284 242 959,7 мың теңге сомасында бекітілсін»;

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік шығындары 65 183 892 мың теңге сомасында бекітілсін»;
14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«14. Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану шығындары 18 577 347 мың теңге сомасында бекітілсін»;
15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«15. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың, қоршаған орта мен жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары шығындары 11 858 910 мың теңге сомасында бекітілсін»;
16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«16. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтеріне шығындар 13 366 321 мың теңге сомасында бекітілсін»;
17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«17. Көлік және коммуникация шығындары 210 154 056 мың теңге сомасында бекітілсін»;
18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«18. Басқа да шығындар 122 151 665 мың теңге сомасында бекітілсін»;
19-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«19. Жергілікті атқарушы органның резерві 23 828 774 мың теңге сомасында бекітілсін».
2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
3. Осы шешім 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы
Мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИЕВ

4			Трансферттердің түсімдері	140 834 355,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	140 834 355,0
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	140 834 355,0
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
	Функционалдық кіші топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
	Атауы			
			II. Шығындар	1 475 507 810,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	17 174 121,0
	111		Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты	343 541,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	336 419,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 000,0
		005	Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру	4 122,0
	121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	4 307 720,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету	3 704 732,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	602 988,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	6 241 318,0
		001	Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	4 153 535,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 087 783,0
	325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	165 123,0
		013	Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	165 123,0
	379		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы	834 560,0
		001	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	804 143,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	30 417,0
	318		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы	3 192 679,0
		001	Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	510 626,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	15 267,0
